**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекетінің қазақ тіл циклограммасы**

**«Ботақан» орта тобы 3 жас**

**Тәрбиеші:** Өнерхан Алмагүл
Шаймурат Харлыгаш

**Өскемен 2023-2024 ж**

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**

| | | |
|---|---|---|
| **Міндеті** | **Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну, сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану, ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және түсінікті жауап беру.** | |
| **ҰІӘтақырыбы:** | **Менің балабақшам** | |
| **Күні:** | **Қыркүйек І-апта** | |
| **ТОП:** | **Ортаңғы** | **Қатысқан балалар саны:** |
| **ҰІӘ-нің мақсаты:** | *Балабақша және оның қызметкерлерінің еңбек әрекеттері туралы білімдерін жетілдіру.*<br>*Балабақша қызметкерлердің еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиелеу* | |
| **Күтілетін нәтиже:** | *Балабқша туралы түсінеді. Балабқшадағы қызметкерлерді атай алады.* | |
| **Тілдік мақсат:** | *Сөздік жұмыс: медбике, аспазшы, пісіреді, ойнайды, жуады.* | |
| **Өткен ҰІӘ-нен алған білім** | *Қайталау сұрақтар арқылы өткенді естеріне түсіру.* | |
| | **ҰІӘ өтілу барысы** | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
| **І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>*0-2 минут*<br>**ІІ.Ұйымдастыру**<br>*3-5 минут* | **1 Психологиялық сәт.**<br>*Күлім қағып қолымды,*<br>*«Бір, екі, үш» деп соғайын.*<br>*Қарап тұрған көршіме,*<br>*Қолымды мен бұлғайын.*<br>*Жылы-жылы сөзбенен,*<br>*Жүрегімді сыйлайын.*<br>*Сұрақ- жауап*<br>*Қазір қандай мезгіл?*<br>*Балабқшаға қалай келдіңдер?* | |
| **ҰІӘ-нің ортасы**<br>**ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс**<br>*12- минут* | **Топқа бөлу әдісі.**<br>*Суреттер арқылы топқа бөлу.*<br>*1-топ Тәрбиешілер тобы*<br>*2-топ Дәрігерлер тобы.*<br>**3. АКТ мен жұмыс.**<br>*Ал, балалар, енді слайдтағы суретке қараңдаршы.*<br>*1-топ Тәрбиешілер тобы сұрақ:*<br>*-Балалар балабақша дегеніміз не?*<br>*-Балабақшамыздың аты қалай аталады?*<br>*-Балабақшада біз не істейміз?*<br>*2-топ Дәрігерлер тобына сұрақ:*<br>*-балабақшада кімдер жұмыс жасайды?*<br>*-Аспазшы апайдың қызметі қандай?* | **Қуыршақтар, ғажайып қорап пен сиқырлы сандықша. Суреттер.,** |

| | | |
|---|---|---|
| | - *Дәрігер апайдың қызметі қандай?*<br>*Балаларды мадақтау. Жұлдызша тарату.*<br>***Тосын сәт.***<br>*Қуыршақтар келеді.*<br>*Балалар,қарандаршы қонаққа бізге кім келді?*<br>*Бірақ олар көңілсіз көрініп тұр.Оларға не болғанын сұрайық?*<br>***Қуыршақтар:*** *Біз қашанға дейін сөреде отыра береміз?*<br>*Ойнағыларымыз келеді, балабақшаға барғымыз келеді, бірақ балабақша не екенін де білмейміз.*<br>*-Сендер балабақшада не істейсіңдер?*<br>*-Ал сендерге балабақшаға баруға ұнайды ма?*<br>*-Балалар апайлар сендерді неге үйретеді?*<br>*Мадақтау. Ж жұлдызша тарату.*<br>***Сергіту сәті.***<br>*Орнымыздан тұрайық,*<br>*Қолды белге қояйық*<br>*Аяқ пенен қолдарды*<br>*Біз жаттықтырып алайық*<br>*Бұрыламыз оңға бір,*<br>*Бұрыламыз солға бір,*<br>*Енді бірге бәріміз*<br>*Орнымызға отырамыз.*<br>***Қуыршақтар****: Қорапшаны шашып алып балалардан көмек сұрайды.*<br>*Балалар мына құралдарды ажыратып жинауға көмектесіңдерші, қандай құралдар.*<br>***Дид ойын: «Құралдарды ажырат»***<br>***Шарты:*** *балалар қорапшадаға заттарды алып, аттарын айтады.*<br>*Аспазшы және медбикенің құралдарын ажыратып реттеп қояды.*<br>*Балаларды мадақтау. Жұлдызша тарату.* | |
| ***IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия***<br>*3-минут* | ***Қорытындылау :***<br>*Қуыршақтар балалармен рахмет айтып қоштасады.* | |

**Ұсыныс** Балалардың жас ерекшелігіне сәйкес ұсынылсын

**Әдіскер:** ______ **Нурберген Өскенгул**

**«Ботақан» орта топ тәрбиешілері:**
______ **Өнерхан Алмагүл**
______ **Шаймурат Харлығаш**

*Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы*

| | | |
|---|---|---|
| ***ҰІӘтақырыбы:*** | ***Тазалық-таза баланың досы.*** | |
| ***Күні:*** | ***Қыркүйек ІІ-апта*** | |
| ***ТОП:*** | ***Ортаңғы*** | ***Қатысқан балалар саны:*** |
| ***ҰІӘ-нің мақсаты:*** | *Тазалық бұйымдарымен таныстыру; сүлгі,сабын сөздерін қатыстырып, 2-3 сөзден тұратын сөйлем құрастыра білуге үйрету, балаларды таза жүруге үйрету, балаларды тазалыққа, ұқыптылыққа баулу.* | |
| ***Күтілетін нәтиже:*** | *Тазалықтың пайдасы туралы түсініктері қалыптасады.* | |
| ***Тілдік мақсат:*** | ***Пікір алмасу сұрақтары***<br>*Тазалық менің досым дегенді қалай түсінеміз?*<br>*Таза бала қандай болады?* | |
| ***Өткен ҰІӘ-нен алған білім*** | *Балабақша туралы сұрақтарға көпшілік балалар жауап береді.* | |
| | ***ҰІӘ өтілу барысы*** | |
| ***Жоспарланған уақыт*** | ***Жоспарланған іс-әрекет*** | ***Ресурстар*** |
| ***І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату***<br>*0-2 минут*<br>***ІІ.Ұйымдастыру***<br>*3-5 минут* | ***ҰІӘ өтілу барысы:***<br>*Амандасу.*<br>***Өлең оқу***<br>*Достар бірге жүреміз,*<br>*бірге ойнаймыз,күлеміз.*<br>*Бірге балық аулаймыз*<br>*міне,біздер қандаймыз!*<br>*Сұрақ – жауап Мағынаны ашу.* | |
| ***ҰІӘ-нің ортасы***<br>***ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс***<br>*12- минут* | ***2.Акт технологиясы.***<br>***Ой дамыту***<br>***Суретпен жұмыс***<br><br>*Екі баланы салыстыру.*<br>***Дид ойын: «Таза болу үшін не керек?»*** | ***АҚТ тех, көрнекіліктер*** |

| | | |
|---|---|---|
| | <br>***Сергіту сәті:***<br>*Таңертең тұрамын*<br>*Бетімді жуамын,*<br>*Тап-таза боламын.2рет*<br>***Дид ойын: «Қуыршақты жуындрайық»***<br>***Шарты:*** *Заттарды шығарып көрсетіп, аттарын балалардан сұрап, қайталату.*<br>*(сабын, сүлгі, тарақ) Бала үні.* | |
| ***IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия***<br>*3-минут* | ***Қорытынды.***<br>***Өлең жолы арқылы қорытындылау.***<br>*Сылдырлайды мөлдір су*<br>*Мөлдір суға қолыңды жу*<br>*Жуынсаң сен әрдайым*<br>*Аппақ бетің, маңдайың*<br>*Тазалықтың досы*<br>*Су дегенің осы*<br><br>*Балаларды мадақтау* | |

**Ұсыныс** Өлең жолдарын баланың жасына сәйкес қолдану

**Әдіскер:** ________ **Нурберген Өскенгул**

**«Ботақан» орта топ тәрбиешілері:**
________ **Өнерхан Алмагүл**
________ **Шаймурат Харлығаш**

*Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы*

| | | |
|---|---|---|
| ***ҰІӘтақырыбы:*** | *Менің сүйікті ойыншығым* | |
| ***Күні:*** | ***Қыркүйек ІІІ-апта*** | |
| ***ТОП:*** | ***Ортаңғы*** | ***Қатысқан балалар саны:*** |
| ***ҰІӘ-нің мақсаты:*** | *Балаларға ойыншықтар туралы және олардың пішіндері, түстері туралы түсінік беру .*<br>*Ойыншықтардың неден жасалғанын айта отырып, аттарын дұрыс атай білуге үйрету.* | |
| ***Күтілетін нәтиже:*** | *ойыншықты сипаттауды, ойыншық туралы түсінікті біледі.* | |
| ***Тілдік мақсат:*** | *Ойыншық, сылдырмақ, ұқыпты ұстау*<br>***Сөздік жұмыс:*** *Рензиа, пласмасса, ағаш* | |
| ***Өткен ҰІӘ-нен алған білім*** | *Сұрақ-жауап* | |

| | | |
|---|---|---|
| | ***ҰІӘ өтілу барысы*** | |
| ***Жоспарланған уақыт*** | ***Жоспарланған іс-әрекет*** | ***Ресурстар*** |
| ***І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату***<br>*0-2 минут*<br>***ІІ.Ұйымдастыру***<br>*3-5 минут* | ***Психологиялық сәт.***<br>*Мен әдемімін,*<br>*Менің достарым әдемі.*<br>*Менің шашым әдемі,*<br>*Досымдікі одан да әдемі.*<br>*Менің қолым әдемі,*<br>*Досымдікі одан да әдемі.*<br>*Біз әдеміміз (қолдарын түйістіріп жоғары көтеру)*<br>*-Иә, балалар бүгін бәрің әдемі екенсіңдер.*<br>***Тәрбиеші:*** *Балалар саяхатқа шыққанды ұнатасыңдар ма?* | |
| ***ҰІӘ-нің ортасы***<br>***ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс***<br>*12- минут* | ***ІІ. Тосын сәт.***<br>*Осы кезде Айгүл жылап келеді ойыншығын жоғалтып алып.*<br>*Тәрбиеші: Балалар Айгүлге көмектесеміз ба ойыншығын тауып беруге және ойыншығын табу үшін өзімізбен бірге саяхатқа алып шығамыз ба?*<br>***Саяхат поездбен.***<br>*ойыншықтар әлеміне саяхат*<br>***ІІІ. Ой дамыту.***<br>*Үш столда ағаштан, резеңкеден және пластмасса жаслған ойыншықтар. мен шүберектен жасалған ойыншықтар тұрады.*<br>***1-Стол.*** *Ойнышықтардың жайменден бетін ашу және Айгүлдің ойыншығын іздеу.*<br>***Сұрақ-жауап.***<br>*мынау қандай ойыншық?* | ***Ресурстар:***<br>***Ойыншықтар*** |

| | | |
|---|---|---|
| | *Түсі қандай? Пішіні қандай? Неден жасалған? Айгүл осының ішінде сенің ойыншығың бар ма?*<br>***Айгүле**: Көре алмай тұрмын өз ойыншығымды.*<br>*Балалар: Бұл доп. Пішіні дөңгелек. Резеңкеден жасалған. Түсі сары.*<br>*Жарайсыңдар, ендеше мына столдағы ойыншықтарды көрейік.*<br>***2-стол.** Мынау қандай ойыншық? Пішіні қандай? Неден жасалған? Түсі қандай? Айгүл осының ішінде сенің ойыншығың бар ма?*<br>*Айгүл: Мына ойыншықтардың ішінен таба алмадым.*<br>*Балалар: Домбыра. Сопақ пішінді. Ағаштан жасалған. Сары. Сандық. Төрт бұрышты. Ағаштан жасалған. Түсі көк.*<br>***Үшінші столды қарайық, Айгүлдің ойыншығы осында болар***<br>*Балалар мынау қандай ойыншықтар? Неден жасалған? Түстері қандай? Балалар: Машина, қуыршақ. Машина темірден жасалған қатты. Қуыршақ шүберектен жасалған жұмысақ.*<br>*Айгүл осының шінде сенің ойыншығың бар ма?*<br>*Айгүл: Алақай, менің ойыншығым табылды.*<br>*Мынау менің ойыншығым. Балалар рахмет сендерге ойыншығымды табуға көмектескендеріңе.*<br>***Тәрбиеші:** Жарайсыңдар балалар әр түрлі ойыншық түрлерін көрдік. сипаттама бердік.*<br>*Енді ойыншықтар туралы тақпақтарымызды айтайықшы.*<br>***Тақпақ Ойыншықтар***<br>*Біздер де бар қуыршақ*<br>*Бұзау, қозы ,құлыншық*<br>*Ойыншықтар тыңдайды*<br>*Емес олар ұрыншақ*<br>***Саяхаттан қайту.*** | |
| ***IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия***<br>*3-минут* | ***ІІІ. Қортынды***<br>***Балаларды мадақтау.*** | |

**Ұсыныс** Тілдік ойындарды қолдану

**Әдіскер:** ______ **Нурберген Өскенгул**

**«Ботақан» орта топ тәрбиешілері:**

______ **Өнерхан Алмагүл**

______ **Шаймурат Харлығаш**

***Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы***

| | | | |
|---|---|---|---|
| **ҰІӘтақырыбы:** | *Жиһаздар* | | |
| **Күні:** | *Қыркүйек IV-апта* | | |
| **ТОП:** | *Ортаңғы* | **Қатысқан балалар саны:** | |
| **ҰІӘ-нің мақсаты:** | *Жиһаздар туралы алған білімдерін толықтыру. Дидактикалық ойын ойнату арқылы зейіндерін,логикалық ойларын дамыту. Тұрмыстық заттарды ұқыпты ұстауға баулу.* | | |
| **Күтілетін нәтиже:** | *Жиһаздар туралы түсініп ойындарды орындау барысында жиһаздардың орнын анықтай алады.* | | |
| **Тілдік мақсат:** | *Жиһаз, үй заттары,* | | |
| **Өткен ҰІӘ-нен алған білім** | *Өткен ҰІӘ қойылған сұрақтарға педагогтың көмегімен жауап бере алады.* | | |
| | **ҰІӘ өтілу барысы** | | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | | **Ресурстар** |
| **I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>*0-2 минут*<br>**II.Ұйымдастыру**<br>*3-5 минут* | **ҰІӘ өтілу барысы**<br>**Қызығушылықты ояту.**<br>**Дид ойын: «Кім жылдам?»**<br>**Жұмбақ:**<br>*-Төртаяғыболса да,*<br>*Етіккиіпкөрмеген.*<br>*Жалқаулығысоншама,*<br>*-Аттапшықпасбөлмеден.* **(үстел)**<br>*-Кеш батты,шаршадың сен, ұйқыңкелді.*<br>*Ұйқыбөлмедекүтіптұрол сені.* **(керует)** | | |
| **ҰІӘ-нің ортасы**<br>**III. Тақырып бойынша жұмыс**<br>*12- минут* | **Ой дамыту. АҚТ технологиясымен жұмыс.**<br>*Жиһаздар туралы түсінік беру.*<br>*-Жиһаздар не үшін керек?*<br>*-Олар неден жасалады?*<br>*-Қандай жиһаз түрін білеміз*<br>*Балаларды түстер арқылы топқа бөлу.*<br>**1- топ. Дид ойын:«Жиһазды құрастырамыз»**<br>*Шарты: Берілген қиынды суреттерден жиһаздар құрастырып, сипаттама беру.*<br>**2-топ.Дид ойын: «Артық затты тап»**<br>*Шарты: берілген суреттердің ішінен жиһаздан артық затты тауып қоршау.*<br>**3- топ.Дид ойын: «Көлеңкесін тап»**<br>*Шарты: берілген жиһаздардың көлеңкесін тауып орналастыру және оны атау.* | | **Ресурстар:жиһаз суреттері,** |
| **IV. ҰІӘ-нің қорытындысы.** | **Қортынды**<br>*Сұрақ-жауап* | | |

| | | |
|---|---|---|
| ***Рефлексия***<br>*3-минут* | *Балаларды мадақтау.* | |

**Ұсыныс** Тақырыпқа сай тілдік жаттығу қолдану

**Әдіскер:** ________ **Нурберген Өскенгул**

**«Ботақан» орта топ тәрбиешілері:**

________ **Өнерхан Алмагүл**

________ **Шаймурат Харлығаш**

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**

| | | |
|---|---|---|
| **Міндеті** | **Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру, оларға суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айту, балалардың пікірлерін тыңдау.** | |
| **ҰІӘтақырыбы:** | **«Менің отбасым »** | |
| **Күні:** | **Қазан І-апта** | |
| **ТОП:** | **Ортаңғы** | **Қатысқан балалар саны:** |
| **ҰІӘ-нің мақсаты:** | *Отбасы туралы түсінік беру және отбасы мүшелері туралы ойын анық жеткізіп, әңгімелей білуге үйрету.* | |
| **Күтілетін нәтиже:** | *отбасы мүшелерінің алатын орнын, оларды атауды біледі.*<br>*отбасы мүшелеріне қамқорлық жасау қажеттігін түсінеді.* | |
| **Тілдік мақсат:** | *Жанұя, ата, әже, қарындас, іні* | |
| **Өткен ҰІӘ-нен алған білім** | *Сұрақ-жауап арқылы өткен ҰІӘ бекіту* | |

**ҰІӘ өтілу барысы**

| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| **І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>*0-2 минут*<br>**ІІ.Ұйымдастыру**<br>*3-5 минут* | **ҰІӘ өтілу барысы:**<br>**1.Сәлемдесу.**<br>*Үлкенге де сіз,*<br>*Кішіге де сіз,*<br>*Барша жанды құрметтеп*<br>*Бас иеміз біз.*<br>**ІІ.Миға шабул.**<br>**Дид ойын: " Көңілді доп"**<br>*Шарты : Сұрақ қою арқылы жауап алу.*<br>*- Отбасы мүшесін ата.*<br>*- Отбасында кімді жақсы көресің?*<br>*- Отбасында кімге сыйлық жасайсың?* | |
| **ҰІӘ-нің ортасы**<br>**ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс**<br>*12- минут* | **ІІІ.Ой дамыту**<br>**Отбасы туралы түсінік беру.**<br>*-Отбасы мүшелерін атау. ата, әже, әке, шеше, аға, әпке, іні, қарындас, сіңлі.*<br>**Сұрақ-жауап.**<br>*Сенің отбасың қандай?*<br>*Отбасында неше адам бар?*<br>*Олар кімдер?*<br>*-Атаң мен әжең кім?*<br>*-Әкең қайда жұмыс істейді?*<br>*-Анаң қайда жұмыс істейді?*<br>*-Сен неше жастасың* | **Ресурстар: Тақырып бойынша көрнекіліктер.** |

| | | |
|---|---|---|
| | ***Тіл ұстарту жаттығуы:***<br>*Та-та- ата,*<br>*Же-же- әже,*<br>*Ке-ке- әке,*<br>*На-на-ана,*<br>*Ке- ке- әпке*<br>*Ға – ға- аға*<br>*4.Сергіту сәті: Саусақ ойыны «Бармақтар отбасы» (караоке – қазақша балалар әні)*<br>***Дид ойын:«Кім жоқ»***<br>*Шарты: отбасындағы мүшелердің атын атап, жасырынған отбасы мүшесін суреттен табу табу.* | |
| ***IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия***<br>*3-минут* | ***Қорытынды.***<br>*Сұрақ жауап арқылы қорытындылау.*<br>*Балаларды мадақтау.* | |

**Ұсыныс** Тіл ұстарту жаттығуы балаға көп қолдану

**Әдіскер:** ______ **Нурберген Өскенгул**

**«Ботақан» орта топ тәрбиешілері:**
______ **Өнерхан Алмагүл**
______ **Шаймурат Харлығаш**

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**

| | | | |
|---|---|---|---|
| **ҰІӘтақырыбы:** | **Біз тұратын көше** | | |
| **Күні:** | **Қазан ІІ-апта** | | |
| **ТОП:** | **Ортаңғы** | **Қатысқан балалар саны:** | |
| **ҰІӘ-нің мақсаты:** | *Байланыстырып сөйлеу дағдыларын үйрету. Дұрыс анық сөйлеу қабілет терін дамыту.* | | |
| **Күтілетін нәтиже:** | *Көліктер, бағдаршам туралы түсініктерді игереді.*<br>*Сұрақтарға жауап береді.* | | |
| **Тілдік мақсат:** | *Бағдаршам* | | |
| **Өткен ҰІӘ-нен алған білім** | *Өткен ҰІӘ алған білімдерін сұрақ-жауап арқылы бекіту.* | | |
| | **ҰІӘ өтілу барысы** | | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | | **Ресурстар** |
| **І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>*0-2 минут*<br>**ІІ.Ұйымдастыру**<br>*3-5 минут* | **Миға шабул.**<br>**Дид ойын: «Кім тапқыр?»**<br>*Жұмбақ жасыру.*<br>*Үш көзі бар қаз-қатар,*<br>*Кезек-кезек ашады.*<br>*Үшеуінен байқасам,*<br>*Үш түсті нұр шашады.*<br>**(бағдаршам)**<br>**Сұрақ жауап**<br>**Ой қозғау.**<br>*-Бағдаршам дегеніміз не?*<br>*Ол қандай қызмет атқарады?*<br>*Балалар бағдаршамның неше көзі бар ?*<br>*-Түстері қандай ?* | | |
| **ҰІӘ-нің ортасы**<br>**ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс**<br>*12- минут* | **Ой дамыту.**<br>**АКТ технологиясы.***Экраннанбағдаршамтуралыбейнеролик көрсету, түсіндіру..*<br>**«Бағдаршам»өлеңін жаттау.**<br>*Менің атым-бағдаршам*<br>*Кеудем толы жанған шам*<br>*Қызыл көзім жанғанда*<br>*Сақ болыңдар тоқтаңдар!*<br>*Сары көзім жанғанда*<br>*Сабырлылық сақтаңдар!*<br>*Жасыл шамды көрсеңіз*<br>*Бола береді өтсеңіз!* | | **Ресурстар: Бағдаршам суреті,АКТтехнологиясы** |

| | | |
|---|---|---|
| | ***Бір адым әдісі*** *арқылы тақпақты жаттау.*<br>*Балаларды мадақтау*<br>***Дид ойын: «Бағдаршамды құраймыз»***<br>***Сергіту сәті***<br>*Тік ұста бойыңды,*<br>*Жоғары соз қолыңды.*<br>*Соз қолыңды тағы да,*<br>*Жеткіз жираф мойына.*<br>***Дид ойын: «Бағдаршам»***<br>*Балалар бағдаршамның қызыл түсі көрсеткенде тұрамыз,сары түсін көрсеткенде қол шапалақтаймыз,жасыл түсін көрсеткенде жүреміз* | |
| ***IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия***<br>*3-минут* | ***Қорытынды.****Біз бүгін сендермен не жайлы әңімелестік?*<br>*қандай өлеңдіжаттадық?*<br>*Балаларды мадақтау* | |

**Ұсыныс** Байланыстырып сөйлеу дағдыларын жалғастыру

**Әдіскер:** ____ **Нурберген Өскенгул**

**«Ботақан» орта топ тәрбиешілері:**

____ **Өнерхан Алмагүл**

____ **Шаймурат Харлығаш**

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**

| | | |
|---|---|---|
| *ҰІӘтақырыбы:* | *«Абайла, балақай!»* | |
| *Күні:* | *Қазан ІІІ-апта* | |
| *ТОП:* | *Ортаңғы* | *Қатысқан балалар саны:* |
| *ҰІӘ-нің мақсаты:* | *балалар көшедегі қауіпсіздік туралы мультфильм көре отырып, ережені түсіндіру.* | |
| *Күтілетін нәтиже:* | *Көшеде үлкендермен бірге жүру, көліктер жүретін жолмен жүрмеуді, ойын ойнамауды меңгереді* | |
| *Тілдік мақсат:* | *Сөздік жұмыс: көше, жол, жүреді, бағдаршам* | |
| *Өткен ҰІӘ-нен алған білім* | *Өткен ҰІӘ қойылған сұрақтарға жауап бере алады.* | |

| | | |
|---|---|---|
| | **ҰІӘ өтілу барысы** | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
| ***І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату***<br>*0-2 минут*<br>***ІІ.Ұйымдастыру***<br>*3-5 минут* | ***ҰІӘ жүргізілу барысы:***<br>***Көңілді шеңбер***<br>*Қуанамын менде*<br>*Қуанасың сенде*<br>*Қуанайық достарым*<br>*Арайлап атқан күнге*<br>***Қызығушылықты ояту.***<br>***ІІ. Тосын сәт.*** *Сауысқан хат әкеледі.*<br>*-Бұл хат кімнен деп ойлайсыңдар?*<br>*Бұл хатты Ернар мен Жанар деген балалар жазыпты.*<br>*Олар орманнан саңырауқұлақтар теруге барғысы келеді екен. Алай да қандай неден сақтануға болатынын білмейді екен. Сол себепті сендерден көмек сұрап хат жазыпты.*<br>*Көмектесеміз ба?* | ***Ресурстар: АҚТ технологиясы.*** |
| ***ҰІӘ-нің ортасы***<br>***ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс***<br>*12- минут* | ***ІІІ.Ой қозғау.***<br>***Слайд көрсету. АҚТ технологиясымен жұмыс.***<br>*Ернар мен Жанар балаларды қарсы алады.*<br>*Сұрақ жауап*<br>*Балалар, орманда табиғат аясында қандай қауіпсіздік ережесін сақтау керек?* -<br>*Қандай жәндіктерден абай болу керек?*<br>*-Осындай жағдайларды болдырмау үшін не істеу керек?*<br>*-Тағы да қандай қауіпсіздік ережесін сақтау керек?*<br>***Дид ойын: «Пайдалы, зиянды»***<br>*Шарты: Табиғат аясындағы пайдалы және зиянды заттарды топтау.*<br>***6. Сергіту сәті.***<br>*Саңырауқұлақ болайық,*<br>*Тізе бүгіп отырайық.* | |

| | | |
|---|---|---|
| | *Жаңбыр жауса көтеріліп,*<br>*Өсіп-өсіп алайық*<br>***7.Қортынды.***<br>***Дид ойын: «Табиғаттағы ереже»***<br>*Шарты:Сурет көрсете отырып табиғаттағы ережені түсіндіру.*<br>*1.Қоқысты кез келген жерге тастама, арнайы қоқыс жәшігіне сал!*<br>*2.Ағаштарды кеспе, бұтағын сындырма! 3.Жануарларға зиян келтірме, қамқорлық жаса!*<br>*4.Құстарды өлтірме, ұя жасап қамқорлық көрсет! 5.Өсімдіктерді (шөптер, гүлдер) жұлма!* | |
| ***IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия***<br>*3-минут* | *Балаларды мадақтау.*<br>*Жұлдызшалар беру.* | |

**Ұсыныс** Қимылды ойындарға жеткілікті уақыт бөлу

**Әдіскер:** ________ **Нурберген Өскенгул**

**«Ботақан» орта топ тәрбиешілері:**

________ **Өнерхан Алмагүл**

________ **Шаймурат Харлығаш**

*Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы*

| | | |
|---|---|---|
| **ҰІӘтақырыбы:** | *Алтын күз* | |
| **Күні:** | **Қазан IV-апта** | |
| **ТОП:** | **Ортаңғы** | **Қатысқан балалар саны:** |
| **ҰІӘ-нің мақсаты:** | *Күз туралы білімдерін дамыту.*<br>*Күз туралы тақпақтар айта отырып баланың сөйлеу тілін дамыту.* | |
| **Күтілетін нәтиже:** | *Күз мезгілі туралы қойған сұрақтарға жауап бере біледі*<br>*Күз мезгілінің ерекшеліктерін педагогтың көмегімен айта біледі.* | |
| **Тілдік мақсат:** | *Күз ,Сары жапырақ*<br>*Сөздік жұмыс: Жапырақ, сары, түсіп жатыр.* | |
| **Өткен ҰІӘ-нен алған білім** | *ҰІӘ өтілген сұрақтарға біртіндеп жауап бере алады.* | |
| | **ҰІӘ өтілу барысы** | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
| **I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>*0-2 минут*<br>**II.Ұйымдастыру**<br>*3-5 минут* | **I.Психологиялық сұрақтар..**<br>*Кімге күз ұнайды, кімге ұнамайды? Неліктен?*<br>**Бала үні.** | |
| **ҰІӘ-нің ортасы**<br>**III. Тақырып бойынша жұмыс**<br>*12- минут* | **I. Ой қозғау.**<br>**Мнемокестемен жұмыс.**<br>**Күз туралы суреттер.**<br>*-Күзде күн қандай болады?*<br>*Жапырақтар неге түсіп жатыр?*<br>*Түстері қандай*<br>*-Адамдар қалай киінген?*<br>**Дид ойын: «Бұл қай мезгіл?»**<br>*Шарты: суреттерден күз мезгілін көрсете білу.*<br>**Тіл ұстарту жаттығуы:**<br>*Ер-ер-ер Жемістерді тер*<br>*Сұрағанын бер.*<br>*Ән-ән-ән Қамба толы дән*<br>*Әжем айтқан ән.*<br>**III.Ой дамыту.**<br>*Мнемокесте арқылы өлең жолдарын жаттау.*<br>**Қ.Шаңғытбаевтың «Күзгі жапырақтар»**<br>*Алтын, сары, қызыл, көк,*<br>*Алуан-алуан жапырақ,* | **Ресурстар:Күз туралы суреттер топтамасы.** |

| | | |
|---|---|---|
| | *Күзгі бақта күлімдеп.*<br>*Көз тартады жалбырап* | |
| ***IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия***<br>*3-минут* | ***Қортынды.***<br>***Қим ойын: Бақшада ма бақта ма?***<br>*Бақша дегенде тұрадымыз, бақша дегенде отырамыз*<br>*Балаларды мадақтау.* | |

**Ұсыныс** Тақырыпқа сай өлеңдер қолдану

**Әдіскер:** ____ **Нурберген Өскенгул**

**«Ботақан» орта топ тәрбиешілері:**
____ **Өнерхан Алмагүл**
____ **Шаймурат Харлығаш**

*Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы*

| | | |
|---|---|---|
| ***Міндеті*** | ***Сөздерді сөз тіркесімен айтуға,сөйлем құрауға жаттықтыру. Қазақ тіліндегі сөздер менсөйлемдердітүсініпжәнекүнделіктіөмірдеқолдана білуге үйрету. Тақпақ жаттау. Шағын мәтіндер құрауүйрету.*** | |
| ***ҰІӘтақырыбы:*** | ***Мен ақылды баламын*** | |
| ***Күні:*** | ***Қараша І-апта*** | |
| ***ТОП:*** | ***Ортаңғы*** | ***Қатысқан балалар саны:*** |
| ***ҰІӘ-нің мақсаты:*** | *Өзі туралы қарапайым түсініктерді біледі; өзін құрметтеуге және өзінің «мен өзім» деген ұғымды түсіндіру* | |
| ***Күтілетін нәтиже:*** | *Денсаулық, тазалық, сақтану туралы түсініктерді меңгереді.*<br>*Педагогтың көмегімен өз ойын айта алады.* | |
| ***Тілдік мақсат:*** | *Сөздік жұмыс: Шынығу, құлақ, көз, аяқ, дене мүшелер* | |
| ***Өткен ҰІӘ-нен алған білім*** | *Педагогтың көмегімен өткен ұіә есіне түсіріп айта алады.* | |
| | ***ҰІӘ өтілу барысы*** | |
| ***Жоспарланған уақыт*** | ***Жоспарланған іс-әрекет*** | ***Ресурстар*** |
| ***І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату***<br>*0-2 минут*<br>***ІІ.Ұйымдастыру***<br>*3-5 минут* | ***ҰІӘ өтілу барысы:***<br>***1.Шаттық шеңбер***<br>***Е. Өтетілеуұлы***<br>*Бала,бала,баламыз*<br>*Бақшамызға барамыз*<br>*Күні бойы қызыққа*<br>*Батамыз да қаламыз*<br>*Біз баламыз шыныққан,*<br>*Денсаулығы мықты жан.* | ***Ресурстар: Дидактик материалдар*** |
| ***ҰІӘ-нің ортасы***<br>***ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс***<br>*12- минут* | ***Ой дамыту.***<br>***Акт тех жұмыс.***<br>*Қарым-қатынас туралы әңгімелеу, түсіндіру.*<br>***Дид ойын: «Айырмашылығын тап»***<br>*Шарты: Сурет арқылы айырмашылықты табу.*<br>*Сұрақ –жауап.*<br>*Қайсысы саған ұқсайды.*<br>*Балалардың қайсысы жақсы деп ойлайсың?*<br>***Сергіту сәті.***<br>*Бас, иық ,тізе, саусақ,*<br>*Бас , иық,тізе, саусақ,*<br>*(көрсету)*<br>*Саусақ,саусақ,саусақ.(сау* | |

| | | |
|---|---|---|
| | *сақпен сартылдату)*<br>*Бас, иық ,тізе, саусақ,*<br>*Бас , иық,тізе, саусақ,*<br>*Көз ,мұрын ,көз , мұрын,*<br>*Құлақ, ерін, құлақ, ерін,*<br>*(Жылдамдатып тез тез қайталау)*<br>***Дид ойын: «Мен қандаймын?» жаттығуы.***<br>*-Егер сен ерте тұрғанда жыламай тұрсаң оң қолыңды көтер.*<br>*-Егер сен жылап тұрсаң сол қолыңды көтер.*<br>*-Егер сен өтірік айтпайтын болсаң оң қолыңды көтер.*<br>*-Егер саған балабақша ұнаса оң қолыңды көтер.*<br>*-Егер сен топтағы достарыңды ұнатсаң қол соқ.*<br>*Бәріміз доспыз десек тағы шапалақ.* | |
| ***IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия***<br>*3-минут* | ***Қорытынды.***<br>*Анау бала, бетін қара*<br>*Кір қожалақ қап-қара*<br>*Тырнағы өскен,шашы көптен*<br>*Алынбапты –ау масқара*<br>*Сұрақ-жауап*<br>*Балаларды мадақтау.* | |

**Ұсыныс** Тақырып жаттау, шағын жүгіре ұйымдау

**Әдіскер:** ______ **Нұрберген Өскенгүл**

**«Ботақан» орта топ тәрбиешілері:**
______ **Өнерхан Алмагүл**
______ **Шаймурат Харлығаш**

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**

| | | |
|---|---|---|
| **ҰІӘтақырыбы:** | **«Жемістер жыры» Рза Қунақова** | |
| **Күні:** | **Қараша ІІ-апта** | |
| **ТОП:** | **Ортаңғы** | **Қатысқан балалар саны:** |
| **ҰІӘ-нің мақсаты:** | *Өлеңді тыңдай білуге, қайталап айтуға үйрету. Жемістерді (алма, өрік, қара өрік, шие) атау барысында балалардың сөздік қорын жетілдіру.* | |
| **Күтілетін нәтиже:** | *Дәрумендер олардың пайдасы туралы айта алады.* | |
| **Тілдік мақсат:** | *Сөздік жұмыс: дәрумен, жеміс, көкөніс, пайдалы* | |
| **Өткен ҰІӘ-нен алған білім** | *Өткен тақырыпты сұрақ –жауап арқылы бекіту.* | |
| | **ҰІӘ өтілу барысы** | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
| **І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>*0-2 минут*<br>**ІІ.Ұйымдастыру**<br>*3-5 минут* | **ҰІӘ өтілу барыс**<br>**І.Қызығушылықты ояту**<br>**АҚТ технологиясы.**<br>**(теледидардан көрсету)**<br>*Күз ханшайымы күз мезгілінде терген жемістерін алып келеді.*<br>**Дид ойын: «Жемістерді ата»** | **Ресурс: АҚТ технологиясы** |
| **ҰІӘ-нің ортасы**<br>**ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс**<br>*12- минут* | **Әңгімелеу.**<br>*Жемістер денсаулыққа пайдалы. Өйткені оның құраманыда дәрумендер көп.*<br>*Жемістерді жеген кезде қолды жуып жеу керек.*<br>*Мен сендерге жемістер туралы өлең әкелдім.*<br>**«Жемістер жыры»**<br>*Нарттай қызыл алмам бар,*<br>*Мәз болады алғандар.*<br>*Жазда әдемі киінем,*<br>*Тілді балдай үйірем.*<br>*Көктемде ерте гүлдеймін,*<br>*Кешігуді білмеймін.*<br>*Піспей тұрған кезімде,*<br>*«Менен аулақ жүр», - деймін*<br>*Уылжыған өрікпін,*<br>*Бау-бақшаға көрікпін.*<br>*Қара деген атым бар,*<br>*Менен де дәм татыңдар.*<br>*Дәрі орнына жүруге,*<br>*Кейде менің хақым бар.*<br>*Балаларға қайталатып айтқызу. Мағынасын түсіндіру.* | |

| | | |
|---|---|---|
| | ***4.Ғажайып сәт: Қызыл Телпек келеді:***<br>*-Сәлеметсіңдер ме,балалар? Менің орманда тұратын әжем ауырып қалыпты.*<br>*Оған апара жатқан бәліштерімді қасқыр тартып алып, жеп қойды.*<br>*Енді әжеме не апаратынымды білмей тұрмын, маған көмек керек.*<br>*Қызылтелпекке көмек.*<br>***Дид ойын: «Жемістер мен көкөністерді ажырат»***<br>***Шарты:*** *Қоржынға салынған көкөністер мен жемістерді қолдарымен алып, аттарын атап, қатты, дәмді, тәтті, ащы-қышқыл екенін ажыратып атау.*<br>*Пішіндерін айту.*<br>*Алған жемістерді Қызыл телпектің себетіне салып беру.*<br>*Қызылтелпек рақмет айтып қоштасу.* | |
| ***IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия***<br>*3-минут* | ***Қортынды***<br>***Сұрақ-жауап***<br>***Балаларды мадақтау*** | |

**Ұсыныс** жемістер мен көкөністер туралы ұйымдарда ойын қолдану

**Әдіскер:** ____ **Нурберген Өскенгул**

**«Ботақан» орта топ тәрбиешілері:**
**____ Өнерхан Алмагүл**
**____ Шаймурат Харлығаш**

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**

| | | |
|---|---|---|
| **ҰІӘтақырыбы:** | **Қуыршақты шомылдырайық»** | |
| **Күні:** | **Қараша ІІІ-апта** | |
| **ТОП:** | **Ортаңғы** | **Қатысқан балалар саны:** |
| **ҰІӘ-нің мақсаты:** | *Балаларды қуыршақ пен ойнай отырып сөйлеуге, дене мүшелерін атауға үйрету.* | |
| **Күтілетін нәтиже:** | *Бір-біріне көмектесу, сыйластық туралы мағынаны түсінеді.*<br>*Ойын арқылы көмектесу сөзінінің мағынасын түсінеді* | |
| **Тілдік мақсат:** | *Сөздік жұмыс: Көмек, түсіну, қиындық* | |
| **Өткен ҰІӘ-нен алған білім** | *Педагогтың көмегімен қойылған сұрақтарды жалғау арқылы өткен ҰІӘ өз ойын айта алады.* | |
| | **ҰІӘ өтілу барысы** | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
| **І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>*0-2 минут*<br>**ІІ.Ұйымдастыру**<br>*3-5 минут* | **ҰІӘ өткізілу барысы**<br>**Миға шабуыл.**<br>**Өлең оқу**<br>*Анау бала, бетін қара*<br>*Кір қожалақ қап-қара*<br>*Тырнағы өскен, шашы көптен*<br>*Алынбапты –ау масқара*<br>*Бұл қандай бала?*<br>*Тазалықтың дос не?* | **Ресурстар: Қуыршақ, жуындыратын ыдыстар, айна.** |
| **ҰІӘ-нің ортасы**<br>**ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс**<br>*12- минут* | **ІІІ.Ғажайып сәт**<br>**Топқа қуыршақтың жылап келуі.**<br>*-Менімен ешкім ойнамайды*<br>*-Маған бәрі сенімен дос болмаймыз деп көп айтады*<br>*-Мен не істеуім керек?*<br>*-Маған көмектесіңдерші*<br>**4.Қуыршаққа көмек**<br>*Ыдысқа су құю*<br>*-Балалар, біз қандай суға жуынамыз?*<br>*Бір балаға судың жылылығын байқау тапсырылады.*<br>*Суымыз қандай екен?*<br>*-Қуыршақты жуындыру.*<br>**Жуын, жуын, жуынсақ,**<br>**Қандай жақсы қуыршақ!**<br>**Әйтпегенде бөпешім,** | |

| | | |
|---|---|---|
| | ***Кірлеп кеткен екенсің.*** <br> ***Қазір аппақ боласың,*** <br> ***Қуанады анашың!****Орамал не үшін керек?* <br> *Балалардың көмегімен қуыршақты сүртіндіру.* <br> ***Дид ойын: «Киімнің сәйкесін тап»*** <br> *Шарты: киімдерді атау* <br> *Қуыршақты киіндіру.* <br> *Балалармен бірге.* <br> ***Дид ойын: «Айна»*** <br> ***Шарты:*** *Айнадан өзінің қандай екенін көру, бағалау* <br> *Қуыршақты айнаға қарату, таңғалу.* <br> *Балаларға рақмет айту. Достарына шығарып салу.* | |
| ***IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия*** <br> *3-минут* | ***Қортынды.*** <br> ***Сұрақ-жауап*** <br> ***Таза баланың досы не екен?*** <br> *Сабын,су,сүлгі,айна,тарақ,тіс пастасы,тіс щёткасы.* <br> *Сендеросы заттармен доссыңдар ма?* <br> *Балаларды мадақтау.* | |

**Ұсыныс** Тақырыпқа сай сөздік тізімін құрдану

**Әдіскер:** ______ **Нурберген Өскенгул**

**«Ботақан» орта топ тәрбиешілері:**
______ **Өнерхан Алмагүл**
______ **Шаймурат Харлығаш**

*Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы*

| | | |
|---|---|---|
| ***ҰІӘтақырыбы:*** | ***«Шалқан» (орыс халық ертегісі)*** *Саусақ театры арқылы сахналау.* | |
| ***Күні:*** | ***Қараша IV*** | |
| ***ТОП:*** | ***Ортаңғы*** | ***Қатысқан балалар саны:*** |
| ***ҰІӘ-нің мақсаты:*** | *Балалар әдеби кейіпкерлердің әрекеттері мен жүріс-тұрыстарын саусақ театры арқылы көрсетуді үйрету.* | |
| ***Күтілетін нәтиже:*** | *Көмектесу, ептілік туралы ұғымдарды түсінеді.*<br>*Қойылған сұрақтарға педагогтың түсіндіруімен жауап бере алады.* | |
| ***Тілдік мақсат:*** | ***Сөздік жұмыс:*** *күшті, кейіпкер, ертегі* | |
| ***Өткен ҰІӘ-нен алған білім*** | *Сұрақ –жауап әдісі* | |
| ***ҰІӘ өтілу барысы*** | | |
| ***Жоспарланған уақыт*** | ***Жоспарланған іс-әрекет*** | ***Ресурстар*** |
| ***І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату***<br>*0-2 минут*<br>***ІІ.Ұйымдастыру***<br>*3-5 минут* | ***ҰІӘ өтілу барысы***<br>*Ертеңгілік шеңбер*<br>***«Сәлемдесу»***<br>*Күлімде, күн күлімде,*<br>*Кешегіндей бүгінде,*<br>*Қанат қақсын көгершін.* | ***Ресурстар:АКТ технологиясы, саусақ театры*** |
| ***ҰІӘ-нің ортасы***<br>***ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс***<br>*12- минут* | ***ІІ. Қызығушылықты ояту.***<br>*Айгүл қуыршақтың келуі.*<br>*-Балалар менде сендер сияқты балабақшада болғым келеді.*<br>*Менімен дос боласыңдар ма?*<br>*-Сендер көп ертегі білесіңдер*<br>*-Ал,мен ешқандай ертегі білмеймін*<br>*Балалар Айгүлмен дос боламыз ба?*<br>*Ол осы топта қаласын ба?*<br>*Ендеше Бәріміз бірге Шалқан ертегісін тамашалайық.*<br>***Дид ойын: «Қандай ертегі?»***<br>*Шарты: Суретте көрсеткен ертегіні атау*<br>***ІІІ. Ой дамыту.***<br>***Ертегі кейіпкерлерін саусақ театры арқылы көрсете отырып, түсіндіру.***<br>*Ертегі желісінен сұрақтар қоя отырып жауап алу.*<br>*-Ата не екті?*<br>*-Шалқан қалай өсті?*<br>*-Ата неге көмек сұрады?*<br>*-Көмекке кімдер келді?* | |

| | | |
|---|---|---|
| | ***Дид ойын: «Ретімен қоямыз»***<br>*Шарты: Шалқан ертегісіндегі кейіпкерлерді ретімен қоя білу.*<br>*Айгүл қуыршақтың рақмет айтып топ балаларымен қалуы.* | |
| ***IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия***<br>*3-минут* | ***Қортынды***<br>***Балаларды мадақтау.*** | |

**Ұсыныс** Ойын кейіпкерлердің қимылын көрсету

**Әдіскер:** ________ **Нурберген Өскенгул**

**«Ботақан» орта топ тәрбиешілері:**
________ **Өнерхан Алмагүл**
________ **Шаймурат Харлығаш**

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**

| | | |
|---|---|---|
| **Міндеті** | **Музыкалық шығармалардың сезімдік мазмұнын, сипатын ажыратуға үйрету:**<br>**Нәзік, сабырлы, көңілді, көңілсіз әнді сезіне айтуға үйрету. Әннің не туралы айтылатына түсінік беру.**<br>**Музыканың шығармашылық іс-әрекеттін қарапайым, дағдыларын меңгеру.**<br>**Әннің сөзін толық айтуын қадағалау.** | |
| **ҰІӘ тақырыбы:** | **Менің Қазақстаным** | |
| **Күні:** | **Желтоқсан І-апта** | |
| **ТОП:** | **Ортаңғы** | **Қатысқан балалар саны:** |
| **ҰІӘ-нің мақсаты:** | *Балаларға отан, Тәуелсіз Қазақстанымыз жайлы мағлумат беру.*<br>*Отанын,елін шексіз сүюге тәрбиелеу, еліміздің рәміздерін құрметтеуге баулу.* | |
| **Күтілетін нәтиже:** | *Отанымыздың Астанасын атай алады. Отан туралы түсіне біледі* | |
| **Тілдік мақсат:** | *Сөздік жұмыс: Отан, еліміз, қорғаймыз, міндетті* | |
| **Өткен ҰІӘ-нен алған білім** | *Сұрақ-жауап арқылы өткен ҰІӘ жауап алу.* | |
| | **ҰІӘ өтілу барысы** | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
| **І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>*0-2 минут*<br>**ІІ.Ұйымдастыру**<br>*3-5 минут* | **ҰІӘ ӨТІЛУ БАРЫСЫ.**<br>**ІІ.Қызығушылықты ояту.Өлең оқу**<br>**Ж. Тұрбеков. Туған елім.**<br>*Туған өлке – кең далам,*<br>*Мәңгілік бақыт орнаған.*<br>*Сайраңдаймыз саяңда*<br>*Ерікті ұлан – біз балаң.*<br>*Сұрақ – жауап.*<br>*Өлең не туралы айтылған?*<br>*Туған өлке, Отан, туған жер деген сөздерді қалай түсінеміз?* | **Ресурстар: Тақырып бойынша өрнекіліктер.** |
| **ҰІӘ-нің ортасы**<br>**ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс**<br>*12- минут* | **2.Ой дамыту**<br>*Меңгерілген білім дағдыларын естеріне түсіру.*<br>*–Біз қандай мемлекетте тұрамыз?*<br>*–Біздің Отанымыз не?*<br>*-ҚР рәміздерін ата ?*<br>*–Оларға сипаттама беру*<br>*–Астанамыз қалай аталады?*<br>**3.Ой қозғау.**<br>**Отан туралы тақпақ жаттау.** | |

| | | |
|---|---|---|
| | ***–Мағынасын түсіндіру.***<br>***Отан. Ж Әбдірашев.***<br>*«Отан - атам, Отан - әкем!»*<br>*Осы сөзім қате мекен?!*<br>*Қате болса, Неге біздер*<br>*Дейміз оны «Атамекен?!»*<br>***Дид ойын: «Туған жерді гүлдендір»***<br>*Шарты: Дайындалған карта бетіне*<br>*гүлдер, жүрек суреттерін жақсы сөздер айтып жапсыру*<br>***Балаларды мадақтау.*** | |
| ***IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия***<br>*3-минут* | *Қорытындылау.*<br>*Сұрақ жауап арқылы аяқтау*<br>*Балаларды мадақтау.* | |

**Ұсыныс** Ұсақ қол моторикасын дамытуға арналған ойындарды түрлендіру

**Әдіскер:** ________ **Нурберген Өскенгул**

**«Ботақан» орта топ тәрбиешілері:**

________ **Өнерхан Алмагүл**

________ **Шаймурат Харлығаш**

***Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы***

| | | |
|---|---|---|
| ***ҰІӘтақырыбы:*** | ***Туған өлке .Ө.Тұрманжанов*** | |
| ***Күні:*** | ***Желтоқсан ІІ-апта*** | |
| ***ТОП:*** | ***Ортаңғы*** | ***Қатысқан балалар саны:*** |
| ***ҰІӘ-нің мақсаты:*** | *Туған өлке туралы мәлімет беру. Туған жерге деген сүйіспеншілік сезімдерін дамыту*<br>*Өлеңді зейін қойып тыңдай отырып, туған жер туралы өз ойын айтуға үйрету.* | |
| ***Күтілетін нәтиже:*** | *Отан туралы , туған жер, рәміздер туралы түсініктерді біледі.*<br>*Педагогтың көмегімен сұрақтарға өз ойын айта алады.* | |
| ***Тілдік мақсат:*** | *Сөздік жұмыс: Тәуелсіз, мемлекет, рәміздер* | |
| ***Өткен ҰІӘ-нен алған білім*** | *Сұрақ-жауап әдіс-тәсілдер* | |
| | ***ҰІӘ өтілу барысы*** | |
| ***Жоспарланған уақыт*** | ***Жоспарланған іс-әрекет*** | ***Ресурстар*** |
| ***І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату***<br>*0-2 минут*<br>***ІІ.Ұйымдастыру***<br>*3-5 минут* | ***Ұйымдастыру кезеңі.***<br>***Шаттық шеңбер***<br>*Үлкенге де сіз,*<br>*Кішіге де сіз.*<br>*Барша жанды құрметтеп,*<br>*Бас иеміз біз.* | ***Ресурстар: АКТ аудио, тақырып бойынша көрнекіліктер*** |
| ***ҰІӘ-нің ортасы***<br>***ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс***<br>*12- минут* | ***Ой дамыту.***<br>***Суретпен жұмыс***<br>*Тақтаға ауылдың таныс жерлері мен ғимарат-тардың суреттерін іліп, балалардың назарларын суретке аударып, сұрақтар қою.*<br>*-Мынасуреттерсендергетаныс па?*<br>*-Бізтұратын ауыл қалайаталады?*<br>***Ө.Тұрманжановтың «Туған өлке» өлеңін оқып түсінік беру.***<br>*Көгінде күн нұрын төккен,*<br>*Жерінде гүл жұпар сепкен.*<br>*Неткен сұлу,неткен көркем,*<br>*Осы менің туған өлкем!*<br>***Ой қозғау.:***<br>*-Балалар,өлең ұнады ма?*<br>*Не туралыжазылған?*<br>*Мадақтау*<br>***Сергіту сәті.***<br>*Орнымыздан тұрайық,* | |

| | | |
|---|---|---|
| | *Алақанды ұрайық*<br>*Оңға қарай бұрылып,*<br>*Солға қарай бұрылып,*<br>*Бір отырып, бір тұрып*<br>*Бой сергітіп алайық.*<br>***Дид ойын: «Бөлшектерді құрастыр»***<br>*Шарты: Қиынды суреттерден ауылдың суретін құрастырады.* | |
| ***IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия***<br>*3-минут* | ***Қорытынды.***<br>*Сұрақтар ізмегі арқылы қорытындылау.*<br>*Не туралы әңгімелестік?*<br>*Туғанжердегеніміз не?*<br>*-Біздіңаулымызқалайаталады?*<br>*Балаларды мадақтау.* | |

**Ұсыныс** Тіл ұстарту жаттығуын жалғасу

**Әдіскер:** ______ **Нурберген Өскенгул**

**«Ботақан» орта топ тәрбиешілері:**
______ **Өнерхан Алмагүл**
______ **Шаймурат Харлығаш**

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**

| | | | |
|---|---|---|---|
| ***ҰІӘтақырыбы:*** | ***БіздіңРәміздер*** | | |
| ***Күні:*** | ***Желтоқсан ІІІ-апта*** | | |
| ***ТОП:*** | ***Ортаңғы*** | ***Қатысқан балалар саны:*** | |
| ***ҰІӘ-нің мақсаты:*** | *Мемлекеттік рәміздер туралы түсініктерін кеңейту, берілген сұрақты тыңдау және оны түсіне білуді жетілдіру.*<br>*Мемлекеттік рәміздер туралы түсіндіру.Рәміздерді құрметтеуге үйрету* | | |
| ***Күтілетін нәтиже:*** | *Тәуелсіздік , рәміздер туралы түсініп, педагогтың көмегімен суретке қарап өз ойын жеткізе алады.* | | |
| ***Тілдік мақсат:*** | *Сөздік жұмыс: Ауыл, көрікті, мекен* | | |
| ***Өткен ҰІӘ-нен алған білім*** | *Сұрақ-жауап* | | |
| ***ҰІӘ өтілу барысы*** | | | |
| ***Жоспарланған уақыт*** | ***Жоспарланған іс-әрекет*** | | ***Ресурстар*** |
| ***І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату***<br>*0-2 минут*<br>***ІІ.Ұйымдастыру***<br>*3-5 минут* | ***Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы.***<br>*Біз ақылды баламыз,*<br>*Айтқан тілді аламыз.*<br>*Үлкенге де, кішіге*<br>*Сәлем беріп тұрамыз.*<br>*-Балалар қазір жылдың қай мезгілі?*<br>*-Қыста күн қандай болады? Сендер қыста қандай киім киесіңдер?*<br>*Бүгінгі ауа райы қандай?* | | *Ресурстар: ҚР-ның рәміздерінің бірі-тудың суреті* |
| ***ҰІӘ-нің ортасы***<br>***ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс***<br>*12- минут* | ***Ой дамыту.***<br>***АҚТ технологиясымен жұмыс.***<br>*Балалар назарын рәміздер суретіне аудару.*<br>*Әрқайсысын жеке-жеке таныстырып, қайталату.*<br>***Өлең оқу.***<br>*Айнымайды аспаннан*<br>*Біздің тудың бояуы*<br>*Оны халық қашанда*<br>*Биікке іліп қояды.*<br>***Тосын сәт.***<br>*Осы кезде есік қағып, бөлмеге қуыршақ Әйгерім келеді. Балалармен амандасады.*<br>*-Балалар, бізге қуыршақ Әйгерім келді.*<br>*Сендерге сұрақтар алып келіпті.*<br>***1-сұрақ:*** *«Тауып қор»*<br>*Шарты: Әр түрлі жалаушалардың ішінен Қазақстан жалауын таба білу.* | | |

| | | |
|---|---|---|
| | *2- сұрақ: Рәміздерді ата.*<br>*3-сұрақ:Бәйтерек қайда орналасқан*<br>*ҚР астанасы қай қала?*<br>***Сергіту сәті.***<br>*Әйгерім рақмет айтып қоштасу.* | |
| ***IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия***<br>*3-минут* | *Көздеріңді жұмып, терең дем алыңдар. Туған жеріміздің таза ауасының он бойымызға қалай тарап жатқанын сезіңіңдер.*<br>*Балалар, бүгінгі оқу қызметінде не туралы өлең оқыдық?*<br>*Бізге қонаққа кім келді?*<br>*Қандай ойын ойнатты?*<br>*Балаларды мадақтап, аяқтау* | |

**Ұсыныс** Шағын жүйелі өлеңдер оқу

**Әдіскер:** ______ **Нұрберген Өскенгүл**

**«Ботақан» орта топ тәрбиешілері:**
______ **Өнерхан Алмагүл**
______ **Шаймурат Харлығаш**

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**

| | | |
|---|---|---|
| **ҰІӘтақырыбы:** | **«Көңілді қыс. Ш. Мұхамеджанов.Сенің өмірің – сиқырлы әлем кітабынан»** | |
| **Күні:** | **Желтоқсан IV-апта** | |
| **ТОП:** | **Ортаңғы** | **Қатысқан балалар саны:** |
| **ҰІӘ-нің мақсаты:** | Өлең жолдарын мәнерлеп оқи отырып, балаларға мағынасын түсіндіру.<br>Қойылған сұрақтарға жауап бере білуге дағдыландыру. | |
| **Күтілетін нәтиже:** | Қыс мезгілі туралы суретке қарап атауларын атай алады.<br>Педагогтың көмегімен суретке сөйлем құрауды біледі. | |
| **Тілдік мақсат:** | Сөздік жұмыс: қыс, мезгіл, суық, ойнайды, ұлпа | |
| **Өткен ҰІӘ-нен алған білім** | Сұрақ -жауап | |
| | **ҰІӘ өтілу барысы** | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
| **І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>0-2 минут<br>**ІІ.Ұйымдастыру**<br>3-5 минут | **І. Шаттық шеңбері.**<br>**ІІ.Қызығушылықты ояту.**<br>Топқа шар ұшып келу.<br>**Дид ойын: «Көңілді сөз»**<br>**Шарты:** Шарды бір-біріне беріп көңілді сөздер айту. | **Ресурстар: Тақырыпқа байланысты көрнекіліктер** |
| **ҰІӘ-нің ортасы**<br>**ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс**<br>12- минут | **ІІІ.Ой қозғау**<br>Сұрақ – жауап.<br>Мнемо кестемен жұмыс.<br>Қыс мезгілі туралы түсіндіру.<br>-Қазір қандай мезгіл?<br>-Қыс мезгілінде қандай табиғат құбылыстары болады?<br>-Несімен ұнайды?<br>Қандай ойын түрлерін білесіңдер?<br>**Сергіту сәті. «Боран»**<br>**Сергіту сәті.**<br>Боран соғар оң жақтан,<br>Боран соғар сол жақтан,<br>Қар лақтырып ойнасақ,<br>Су өтеді қолғаптан.<br>**Ой дамыту.**<br>**Көңілді қыс.**<br>**Ш. Мұхамеджанов.**<br>Өлең жолдарын мәнерлеп оқу мағынасын ашу.<br>**Көңілді қыс.** | |

| | | |
|---|---|---|
| | *Бір топ бала сырғанап,*<br>*Барады әне жарысып.*<br>*Қалды артта қар алап,*<br>*Іздерінен қар ұшып.*<br>*Сұрақ – жауап.*<br>*-Өлең жолдарында не туралы айтылған?*<br>*-Қыс мезгілін қалай суреттеген?*<br>***Дид ойын: «Кім жылдам?»***<br>*Шарты: қысқы киімдерді құрастыру.* | |
| ***IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия***<br>*3-минут* | ***Қортынды***<br>***Дид ойын: «Кім тапқыр?»***<br>*Шарты: Жұмбақты дұрыс шеше білу.*<br>*Қолымен қаламы жоқ,*<br>*Бірақ сурет салады **(Аяз)***<br>*Көлдің беті көк әйнек,*<br>*Сырғанауға тым әйбет. **(Мұз)***<br>*Жұмбақтың шешуін сұрақтар қоя отырып, жауап ала отырып, ҰІӘ аяқтау* | |

**Ұсыныс** Өлең жолдарын мәнерлеп оқу

**Әдіскер:** ________ **Нурберген Өскенгул**

**«Ботақан» орта топ тәрбиешілері:**
________ **Өнерхан Алмагүл**
________ **Шаймурат Харлығаш**

***Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы***

| | | |
|---|---|---|
| ***Міндеті*** | ***Қазақ тіліндегі сөздерменсөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолданабілуге үйрету. Жай сөйлемдер құра білу дағдыларын қалыптастыру. Зейін қойып тыңдау, көру,таныс сөздерді таба білу секілді қабілеттерін дамыту.Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру*** | |
| ***ҰІӘтақырыбы:*** | ***«Ғажайып қыс»*** | |
| ***Күні:*** | ***Қаңтар 1-апта*** | |
| ***ТОП:*** | ***Ортаңғы*** | ***Қатысқан балалар саны:*** |
| ***ҰІӘ-нің мақсаты:*** | *Балалар қыс мезгілі туралы түсіндіру . Қыс мезгілінің ерекшеліктерін атап айтуға үйрету.* | |
| ***Күтілетін нәтиже:*** | *Қыс мезгілі туралы түсінеді.*<br>*Берілген тапсырмаарды орындай алады.* | |
| ***Тілдік мақсат:*** | *Сөздік жұмыс: гүлдер, өседі, күтім, қарау керек.* | |
| ***Өткен ҰІӘ-нен алған білім*** | *Сұрақ -жауап* | |

| | | |
|---|---|---|
| | ***ҰІӘ өтілу барысы*** | |
| ***Жоспарланған уақыт*** | ***Жоспарланған іс-әрекет*** | ***Ресурстар*** |
| ***І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату***<br>*0-2 минут*<br>***ІІ.Ұйымдастыру***<br>*3-5 минут* | ***Таңғы шеңбері. Табиғат ана. Н. Жанаев****Табиғат біздің анамыз,*<br>*Табиғатқа баламыз.*<br>*Иіліп сәлем береміз,*<br>*Біз әдепті баламыз.*<br>***ІІ.Қызығушылықты ояту.***<br>***Дид ойын: «Кім тапқыр?»***<br>*Шарты: Жасырған жұмбақты тез шеше білу.*<br>*Қолымен қаламы жоқ,*<br>*Бірақ сурет салады* ***(Аяз)***<br>*Көлдің беті көк әйнек,*<br>*Сырғанауға тым әйбет.* ***(Мұз)***<br>*Аппақ етіп айналаны,*<br>*Ақ көбелек айналды;*<br>*Әбден қонып болған соң,*<br>*Жер әлемде жайланды.****(Қар)***<br>***Жұмбақтың шешуіне байланысты сұрақ –жауап, түсіндіру.*** | ***Ресурстар: Тақырып бойынша өрнекіліктер.*** |
| ***ҰІӘ-нің ортасы***<br>***ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс***<br>*12- минут* | ***1.Ой қозғау. Мнемотехника әдісімен жұмыс.***<br>***Мнемо кесте қыс мезгілін сипаттау.***<br>*-Қазір қандай мезгіл?*<br>*-Қыс мезгілінде қандай табиғат құбылыстары болады?*<br>*-Несімен ұнайды?*<br>*Қандай ойын түрлерін білесіңдер?* | |

| | | |
|---|---|---|
| | ***Сергіту сәті. «Қыс»***<br>*Сыртта боран зулайды,*<br>*Қарды үйіріп қуалап.*<br>*Әлсін - әлсін тыңдайды,*<br>*Терезеден сығалап*<br>***3.Ой дамыту.***<br>***Балаларды пішіндер бойынша топқа бөлу.***<br>***Дид ойын: «Қыс бейнесі»***<br>*Шарты: Геометриялық пішіндерден құрастыру жұмысын жасау*<br>***1-топ. Дөңгелек.***<br>*Аққала құрастыру*<br>***2-топ Үшбұрыш***<br>*Шырша құрастыру*<br>***3-Топ төртбұрыш***<br>*Құстарға жессауыт құрастыру.*<br>***Сылдырмақ***<br>*Балаларды шеңберге жинау*<br>*Сұрақ-жауап.* | |
| ***IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия***<br>*3-минут* | ***Қорытындылау: Балаларды мадақтау.*** | |

**Ұсыныс** Сөздік жұмысы қайталау әнұраны жаттау

**Әдіскер:** ________ **Нурберген Өскенгул**

**«Ботақан» орта топ тәрбиешілері:**
________ **Өнерхан Алмагүл**
________ **Шаймурат Харлығаш**

*Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы*

| | | |
|---|---|---|
| ***ҰІӘтақырыбы:*** | ***«Менің сүйікті жануарларым»*** | |
| ***Күні:*** | ***Қаңтар ІІ-апта*** | |
| ***ТОП:*** | ***Ортаңғы*** | ***Қатысқан балалар саны:*** |
| ***ҰІӘ-нің мақсаты:*** | *Үй жануарлары мен оның төлдерін көрсете отырып түсіндіру, оларды дұрыс атауға үйрету.* | |
| ***Күтілетін нәтиже:*** | *Үй жануарларының атын атай алады.*<br>*Олардың өмір сүру ортасы туралы, оларға кімдер қамқорлық жасайтыны туралы педагогтың көмегімен айта алады* | |
| ***Тілдік мақсат:*** | *Сөздік жұмыс: Жануар, орман, тіршілік, қыстық* | |
| ***Өткен ҰІӘ-нен алған білім*** | *Сұрақ –жауап әдісі* | |
| | ***ҰІӘ өтілу барысы*** | |
| ***Жоспарланған уақыт*** | ***Жоспарланған іс-әрекет*** | ***Ресурстар*** |
| ***І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату***<br>*0-2 минут*<br>***ІІ.Ұйымдастыру***<br>*3-5 минут* | ***І.Көңілді шеңбер.***<br>*"Кел,балалар күлейік"*<br>*Ө.Тұрманжанов.*<br>*Кел,балалар күлейік!*<br>*Күлкіменен түлейік!*<br>*Қабақ түйген не керек.*<br>*Көңілді болып жүрейік!*<br>***ІІ. Қызығушылықтарын ояту***<br>***Дид ойын: «Даусынан ажырат»***<br>***Шарты:*** *Жануарлардың дыбысы естіледі балалар қай жануар екен айтып алдарындағы суреттен көрсетеді .* | ***Ресурстар: Тақырып бойынша өрнекіліктер.*** |
| ***ҰІӘ-нің ортасы***<br>***ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс***<br>*12- минут* | ***2. Ой қозғау.***<br>***Суретпен жұмыс.***<br>*-Суретте қандай жануарларды көріп тұрсыңдар?*<br>*-Неге оларды үй жануарлары деп атаймыз?*<br>*-Оларға кімдер қамқорлық жасайды?*<br>*- Үй жануарларының адамға тигізер пайдасы бар ма?*<br>*-Олардың төлдерін қалай атаймыз?*<br>***Ой дамыту***<br>***Дид ойын: «Төлдерін атау»***<br>*Шарты: Әр жануардың төлін атап айту.*<br>***-Түйе төлі-ботақан,***<br>*Мөлдіреп көзі ойнаған.* | |

| | | |
|---|---|---|
| | ***-Қойдың төлі-қошақан,***<br>*Өріске қашқан қорадан.*<br>***-Ешкінің төлі-лақ,***<br>*Тыныш тұрмайды ол бірақ.*<br>***-Жылқының төлі-құлыншақ,***<br>*Тұяғы жерге ұрыншақ.*<br>***-Сиырдың төлі-бұзау.***<br>*Сүйкімді әрі асау.*<br>***Дид ойын: « Адасқан төлдер»***<br>***Шарты:*** *балаларға жануарлардың суреті тартылып беріледі.*<br>*Ортаға төлдердің суреті қойылады.*<br>*Сылдырмақ үні*<br>*Шеңберге жиналу.*<br>***Ой бөлісу сәті***<br>*Балалар,біз бүгінгі ұйымдастырылған оқу қызметінде не туралы өттік?*<br>*Ал,үй жануарларына нелер жатады?* | |
| ***IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия***<br>*3-минут* | *Қортынды*<br>*Балаларға смайлктер беру.* | |

**Ұсыныс** Балаларға жануарлардың дауысын айыру санауға үйрету

**Әдіскер:** ______ **Нурберген Өскенгул**

**«Ботақан» орта топ тәрбиешілері:**

______ **Өнерхан Алмагүл**

______ **Шаймурат Харлығаш**

*Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы*

| | | |
|---|---|---|
| ***ҰІӘтақырыбы:*** | ***«Қыстап қалатын құстар»*** | |
| ***Күні:*** | ***Қаңтар ІІІ-апта*** | |
| ***ТОП:*** | ***Ортаңғы*** | ***Қатысқан балалар саны:*** |
| ***ҰІӘ-нің мақсаты:*** | *Балаларға қыстап қалатын құстар жайында түсіндіру*<br>*Қыс мезгілі құстар тіршілігінің ауыр кезеңі екенін , оларға қамқорлық жасауға үйрету..* | |
| ***Күтілетін нәтиже:*** | *Құстар туралы түсінеді. Қыстап қалатын құстарды атай алады.* | |
| ***Тілдік мақсат:*** | *Сөздік жұмыс: Құс, қыстайды, қамқорлық, ұшады.* | |
| ***Өткен ҰІӘ-нен алған білім*** | *Өткен ҰІӘ сұрақтарға жауап береді.* | |
| | ***ҰІӘ өтілу барысы*** | |
| ***Жоспарланған уақыт*** | ***Жоспарланған іс-әрекет*** | ***Ресурстар*** |
| ***І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату***<br>*0-2 минут*<br>***ІІ.Ұйымдастыру***<br>*3-5 минут* | ***Шаттық шеңбері.***<br>*«Сәлем дейміз бәріне»*<br>*Сәлем деймін достарға,*<br>*Сәлем деймін құстарға,*<br>*Сәлем деймін құрдасқа*<br>*Сәлем деймін ұстазға. Бала үні.*<br>***Ой дамыту***<br>***Құстар туралы түсінік беру.***<br>*Мнемотехника әдісі бойынша құстарға сипаттама беру.* | *Ресурстар: АКТ технологиясы*<br>*Құстар суреттер* |
| ***ҰІӘ-нің ортасы***<br>***ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс***<br>*12- минут* | ***Ғажайып сәт. Есік қағылып, топқа қорапша әкелу.***<br>***Қорапшаны ашу.***<br>*Қорапшадан әр түрлі қалташа шығу, әр қалташадағы тапсырманы орындау.*<br>*Қалташа арқылы балаларды топқа бөлу*<br>***1-топ Сары қалташа***<br>***Дид ойын: «Кім тапқыр»***<br>***Шарты: Берілген сұрақтарға толық жауап беру.***<br>***Сұрақтар:***<br>*-Құстардың ортақ қасиетін ата. (қанаты, ұшады, шоқиды, тұмсығы)*<br>*-Құстардың бір –бірінен айырмашылығы неде? (әр түрлі дауыстайды)*<br>*- Құстардың қандай пайдасы бар?(ағаштарды зиянкестер-ден қорғайды.*<br>***2-топ қызыл қалташа***<br>***Қыстайтын құстарды ата?***<br>*Оларға қандай қамқорлық жасау керек?*<br>*-Неліктен оларға қыста тамақ тауып жеу қиын болады?*<br>***Сергіту жаттығуы.*** | |

| | | |
|---|---|---|
| | *Орнымыздан тұрайық*<br>*Қолымызды созайық,*<br>*Құсқа ұя жасайық*<br>*Алдына жем шашайық.*<br>*Орнымыздан тұрайық*<br>*Қане, қанат қағайық.*<br>***3- топ Жасыл қалташа***<br>***Дид ойын: «Бөлігін тап***<br>*Шарты: Қима суреттерден қыстайтын құстарды құрастырып, сипаттама беру.*<br>**Сылдырмақ үні .**<br>***Балаларды шеңберге шақыру.***<br>***«Құстарға қамқорлық» тақпақты бірге айту.***<br>*Жылы жаққа ұшпайтын,*<br>*Біздің жақта қыстайтын*<br>*Құстар жүрсе жуықта*<br>*Жем шашуды ұмытпа.* | |
| ***IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия***<br>*3-минут* | ***Қортынды***<br>*Сұрақ-жауап*<br>*Балаларды мадақтау.* | |

**Ұсыныс** Балаларға қыстап қалатын құстар жайлы түсіндіру

**Әдіскер:** ______ **Нурберген Өскенгул**

**«Ботақан» орта топ тәрбиешілері:**
______ **Өнерхан Алмагүл**
______ **Шаймурат Харлығаш**

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**

| | | |
|---|---|---|
| **ҰІӘтақырыбы:** | **«Сырғанақ»** | |
| **Күні:** | **Қаңтар IV** | |
| **ТОП:** | **Ортаңғы** | **Қатысқан балалар саны:** |
| **ҰІӘ-нің мақсаты:** | Балаларға қыс мезгілі туралы түсінік беру. Қыс мезгіліндегі ойын түрлерімен таныстыру. Өлең жолдарын оқи отырып, қандай ойын түрі суреттелгенін түсіндіру | |
| **Күтілетін нәтиже:** | Қыс мезгілі туралы өз ойларын айта алады. Дара сөздерді жатқа айтады. Педагогтың көмегімен суретке өз ойын айтуды біледі. | |
| **Тілдік мақсат:** | Сөздік жұмыс: Қыс, аяз, қарлы боран, суық | |
| **Өткен ҰІӘ-нен алған білім** | Сұрақ – жауап. | |

| **ҰІӘ өтілу барысы** | | |
|---|---|---|
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
| ***I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату***<br>*0-2 минут*<br>***II.Ұйымдастыру***<br>*3-5 минут* | **Сылдырмақ үні. Шеңберге жиналу.**<br>*«Кел, балалар күлейік»*<br>*Ө.Тұрманжанов*<br>*Кел балалар күлейік,*<br>*Күлкіменен түлейік*<br>*Қабақ түйген не керек*<br>*Көңілді боп жүрейік* | *Ресурстар: Тақырыпқа байланысты көрнекіліктер* |
| ***ҰІӘ-нің ортасы***<br>***III. Тақырып бойынша жұмыс***<br>*12- минут* | **1. Ой дамыту.**<br>**Мнемотехника әдісімен жұмыс. Мнемо кесте арқылы қыс мезіліне сипаттама беру.**<br>*-Қыста ауа райы қандай болады?*<br>*-Қыста қалай киінеміз?*<br>*-Қыстың түсі қандай?*<br>*-Қандай ойындар ойнаймыз?*<br>**Сергіту сәті. «Қыс»**<br>*Сыртта боран зулайды,*<br>*Қарды үйіріп қуалап.*<br>*Әлсін - әлсін тыңдайды,*<br>*Терезеден сығалап*<br>**2 Ой қозғау.**<br>**Жаңа ҰІӘ таныстыру.**<br>**Б.Жақып «Сырғанақ»**<br>*-Өлең жолдарын мәнерлеп оқу.*<br>*-Өлең мазмұнын ашу.*<br>*Біз тебеміз сырғанақ* | |

| | | |
|---|---|---|
| | *Таудан төмен сырғанап*<br>*Бір шанада екеуміз*<br>*Құламайды екенбіз..............*<br>***3.Балаларды қар, мұз, аяз атауларымен топқа бөлу.***<br>***Дид ойын: «Қысқы ойындар»***<br>*Шарты: Қысқы ойын түрлерін бояп, сипаттама беру.*<br>***1-қар тобы***<br>*Шананы бояу.*<br>***2-аяз тобы***<br>*Шаңғыны бояу*<br>***3-мұз тобы***<br>*Конькиді бояу* | |
| ***IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия***<br>*3-минут* | *Қорытындылау: сұрақ-жауап*<br>*Балаларды мадақтау.* | |

**Ұсыныс**_Сұрақ-жауап, әңгіме әдістерді енгізу_________________

**Әдіскер:** ________ **Нурберген Өскенгул**

**«Ботақан» орта топ тәрбиешілері:**
________________ **Өнерхан Алмагүл**
________________ **Шаймурат Харлығаш**

***Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы***

| | | |
|---|---|---|
| ***Міндеті*** | ***Қазақ тіліндегі сөздер менсөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білугеүйрету.<br>Сөздерді байланыстырып,сөйлемдер құраудыдағдыландыру.<br>2-3 сөйлеммен затты сипаттай білу дағдыларындамыту.Диалогкеқатысуғаүйрету.*** | |
| ***ҰІӘтақырыбы:*** | ***«Көліктер»*** | |
| ***Күні:*** | ***Ақпан І-апта*** | |
| ***ТОП:*** | ***Ортаңғы*** | ***Қатысқан балалар саны:*** |
| ***ҰІӘ-нің мақсаты:*** | *Балаларға көліктер туралы, көліктің пайдасы туралы түсіндіру, атауларын дұрыс атауға үйрету.* | |
| ***Күтілетін нәтиже:*** | *Әр түрлі көлік түрлерінің, көлік бөліктерінің атауларын атай алады.<br>Көлік туралы сұрақтарға жауап береді* | |
| ***Тілдік мақсат:*** | *Сөздік жұмыс: Жүргізуші, көлік, ұшады, жер көлігі, әуе* | |
| ***Өткен ҰІӘ-нен алған білім*** | *Сұрақ –жауап арқылы жауап алу.* | |
| | ***ҰІӘ өтілу барысы*** | |
| ***Жоспарланған уақыт*** | ***Жоспарланған іс-әрекет*** | ***Ресурстар*** |
| ***І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату***<br>*0-2 минут*<br>***ІІ.Ұйымдастыру***<br>*3-5 минут* | ***Шаттық шеңбері.***<br>*Біз ақылдымыз,*<br>*Қиындықтан қорықпаймыз.*<br>*Біз жаспыз,қандай әдеміміз,*<br>*Табиғатты қорғаймыз.*<br>***ІІ.Қызығушылықты ояту.***<br>***Пед жет ойын: «Кім тапқыр?»***<br>*Шарты: Көліктер туралы жұмбақтар жасыру.*<br>*Құс сияқты құс емес,*<br>*Жүрсе де тым биікте.*<br>*Қақпайды бір қанатын*<br>*Жүрсе де тым биікте (ұшақ)*<br>*-Арқасында ауыл жүр,*<br>*ала тайым шауып жүр.* ***(автобус)***<br>*-Тізбектелген көк үйлер,*<br>*көшіп жүрген көп үйлер.* ***(поезд)***<br>*Әр жұмбаққа түсінік беру.* | ***Ресурстар: Тақырыпқа байланысты көрнекіліктер*** |
| ***ҰІӘ-нің ортасы***<br>***ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс***<br>*12- минут* | ***2.Ой дамыту. АҚТ технологиясымен жұмыс.***<br>*-Көлік дегеніміз не?*<br>*-Қандай түрлері бар екен?*<br>*-Жер көлігі, әуе көлігі, су көлігі, темір жол көлігі* | |

| | | |
|---|---|---|
| | *-Ол адам үшін неге қажет?*<br>*-Сендер балабақшаға қандай көлік түрімен келесіңдер?*<br>*-Автобуспен қайда баруға болады?*<br>*Ол қандай көлік түріне жатады?*<br>*-Пойыздармен қайда баруға болады?*<br>***3.Ой қозғау.***<br>***Дид ойын: «Өз орнын тап»***<br>*Шарты: Әр көлікті өз тұрағына орналастыр*<br>*Машина-гараж, Кеме – айлақ, Поезд – депо, Ұшақ –аэрадромда тұрады»* | |
| ***IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия***<br>*3-минут* | ***Қортынды***<br>***Қимылды ойын: «Поезд»***<br>*Шарты: Вагондар болып поездың дыбын шығарып шеңберді айналып жүру.*<br>*Сұрақ-жауап*<br>*Балаларды мадақтау.* | |

**Ұсыныс** Балаларға сұрақ - жауап ала отырып ойын ұйымдасу

**Әдіскер:** ____________ **Нұрберген Өскенгүл**

**«Ботақан» орта топ тәрбиешілері:**
____________ **Өнерхан Алмагүл**
____________ **Шаймурат Харлығаш**

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**

| | | |
|---|---|---|
| **ҮІӘтақырыбы:** | **Электроника деген не?** | |
| **Күні:** | **Ақпан ІІ-апта** | |
| **ТОП:** | **Ортаңғы** | **Қатысқан балалар саны:** |
| **ҰІӘ-нің мақсаты:** | *Балалар үй тұрмысындағы заттарды, олардың қасиеттерін, қарапайым пішінін, көлемін атап айтуға үйрету.* | |
| **Күтілетін нәтиже:** | *Ойын арқылы электротехникалық заттарды атауды біледі*<br>*Қолданылатын орнын, қауіпсіздік ережелерін түсінеді.* | |
| **Тілдік мақсат:** | *Сөздік жұмыс: қауіпсіздік, қолдану, электр көзі,тұрмыстық, техника*<br>**Билингвальды компонент:**<br>*тоңазытқыш-холодильник, тұрмыстық техника -бытовая техника,*<br>*электрбұйымдары-электро товары, шаңсорғыш-пылесос* | |
| **Өткен ҰІӘ-нен алған білім** | *Сұрақ - жауап* | |
| | **ҰІӘ өтілу барысы** | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
| ***І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату***<br>*0-2 минут*<br>***ІІ.Ұйымдастыру***<br>*3-5 минут* | ***І.Шаттық шеңбері.***<br>***«Кел,балалар күлейік»***<br>***Ө.Тұрманжанов.***<br>*Кел,балалар күлейік! Күлкіменен түлейік!*<br>*Қабақ түйген не керек. Көңілді болып жүрейік!*<br>***ІІ.Қызығушылықты ояту.***<br>***Дид ойын: «Кім тапқыр?»***<br>***Жұмбақ жасыру.***<br>*1.Шаң-тозаңды сүймейді,*<br>*Тазалап оны жүр дейді.* ***(шаңсорғыш)***<br>*2.Бүкіл әлем ішіне сияр*<br>*Аты оның* ***...(теледидар)***<br>*3.Біздің үйде бір зат бар*<br>*Сақтайды онда тамақты.*<br>*Болсын мейлі күз бен жаз*<br>*Іші оның қатты аяз.* ***(тоңазытқыш)***<br>***Сұрақ – жауап.*** | ***Ресурстар:***<br>***Интерактивті тақта, үй жабдықтарының ойыншық түрлері, сурет карточкалары,*** |
| ***ҰІӘ-нің ортасы***<br>***ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс***<br>*15 минут* | ***1. Ой дамыту.***<br>***Қауіпсіздік туралы түсінік беру.***<br>*Сулы қолмен токты қосуға немесе ажыратуға болмайды;*<br>*-Балаларға үлкендерсіз электр токтарын ұстауға болмайды;* | |

| | | |
|---|---|---|
| | *-Ерексектерсіз тұрмыстық техникаларды қолдануға болмайды.*<br>*-Пеш қызып тұрғанда балалар қасына жақындауға болмайды.*<br>*-Кір жуатын машинаға қолды салуға болмайды.*<br>***2.Ой қозғау***<br>***Балаларды топқа бөлу.***<br>***Бірінші топ: Дид ойын: «Үтік пен орамал»***<br>*Шарты: үтікті тоқ көзіне қосып орамалды үтіктеуіміз керек.*<br>***Екінші топ: Дид ойын: «Қуыршаққа көмек»***<br>*Шарты: Қуыршақтың шашын шаш кептіргішпен кептіруіміз керек.*<br>***Үшінші топ:Дид ойын: «Көмекшілер»***<br>*Шарты: Жиналған қоқысты шаңсорғышпен жинау керек*<br>*Дид* ***ойын: «Электротехникалық тұрмыстық заттарды ажырат»***<br>***Ойынның шарты:*** *Көптеген ыдыс аяқтардың суреттері көрсетіледі. Балалар солардың ішінен эл.техникалық .заттарды тауып, атау керек.* | |
| ***IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия***<br>*3-минут* | ***Қортынды***<br>***Сұрақ-жауап.***<br>***Балаларды мадақтау.*** | |

**Ұсыныс**_ Байланыстырып сөйлеуге диалог түсін қолдану _

**Әдіскер:** ______ **Нурберген Өскенгул**

**«Ботақан» орта топ тәрбиешілері:**
______ **Өнерхан Алмагүл**
______ **Шаймурат Харлығаш**

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**

| | | | |
|---|---|---|---|
| **ҰІӘтақырыбы:** | *«Бұл мұғалім апай» әңгіме* | | |
| **Күні:** | **Ақпан ІІІ-апта** | | |
| **ТОП:** | **Ортаңғы** | | **Қатысқан балалар саны:** |
| **ҰІӘ-нің мақсаты:** | *Балалар мұғалім мамандығы және оның қай жерде жұмыс жасайтыны туралы түсінік беру.*<br>*Топтағы апайларға құрмет көрсету, үлкендердің еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу..* | | |
| **Күтілетін нәтиже:** | *Мамандық туралы, әр мамандықтың атауларын айта біледі.*<br>*Берілген ойындар арқылы* | | |
| **Тілдік мақсат:** | **Сөздік жұмыс:** *Мамандық,кәсібі,еңбектену, жұмыс жасау т.б.* | | |
| **Өткен ҰІӘ-нен алған білім** | *Сұрақ -жауап* | | |
| | **ҰІӘ өтілу барысы** | | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** | |
| **І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>*0-2 минут*<br>**ІІ.Ұйымдастыру**<br>*3-5 минут* | **І.Психологиялық ахуал қалыптастыру.**<br>**Сын тұрғысынан сұрақтар:**<br>*3. Дәрігер балаларды оқытады? (жоқ, мұғалім оқытады?)*<br>*4. Мұғалім адамдарды емдейді? (жоқ, дәрігер емдейді)*<br>*5. Наубайшынанпісіре ме? (иә)*<br>*6. Жүргізуші машина жүргізе ме? (иә)*<br>*7. Шаштаразшашқимайды? (жоқ, қияды)*<br>*8.Егінші егінекпейді? (жоқ,егеді)*<br>*9. Кітапханашыкітапбере ме? (иә)*<br>*10.Аспаз киім тігеді (жоқ, тамақ даярлайды)*<br>*Балаларды мадақтау.* | **Ресурстар: Тақырыпқа байланысты көрнекіліктер** | |
| **ҰІӘ-нің ортасы**<br>**ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс**<br>*12- минут* | **Ой дамыту.**<br>*Суретпен жұмыс.*<br>*-Суретте кімді көріп тұрсыңдар?Мұғалім апайды*<br>*-Не істеп жатыр*<br>*-Мұғалім қайда жұмыс жасайды?*<br>**Ой қозғау. Өлең оқу**<br>*Оны бәрі сыйлайды,*<br>*Ақылын да тыңдайды.*<br>*Оқушылар құрметтеп,*<br>*Әнге қосып жырлайды.*<br>*Өлең кім туралы айтылған.* | | |

| | | |
|---|---|---|
| | ***Сергіту сәті.***<br>*Кәне,кәне тұрайық*<br>*Үлкен шеңбер құрайық.*<br>*Тұрсақ енді шеңберге*<br>*Алақанды ұрайық*<br>***Дид ойын: «Мұғалім заттарын жина»***<br>***Шарты: Мұғалім заттарын ажырату, сипаттама беру.*** | |
| ***IV. ҮІӘ-нің корытындысы. Рефлексия***<br>*3-минут* | *Қортынды*<br>*Сұрақ-жауап*<br>*Балаларды мадақтау.* | |

**Ұсыныс** Мақалдың тұрақты дұрыс сұрау жауап алу

**Әдіскер:** ______ **Нурберген Өскенгул**

**«Ботақан» орта топ тәрбиешілері:**

______ **Өнерхан Алмагүл**

______ **Шаймурат Харлығаш**

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**

| | | |
|---|---|---|
| **ҰІӘтақырыбы:** | **Қайдан келдің бауырсақ?** | |
| **Күні:** | **Ақпан IV-апта** | |
| **ТОП:** | **Ортаңғы** | **Қатысқан балалар саны:** |
| **ҰІӘ-нің мақсаты:** | *Балалардың нан туралы түсінік беру. Сурет бойынша ертегінің мазмұнын әңгімелеу.*<br>*Нанды қадірлеуге тәрбиелеу. Баланың сөйлеу мәнерін қалыптастыру* | |
| **Күтілетін нәтиже:** | *Еңбек туралы түсінеді. Суретке қарап атауларды атай алады.* | |
| **Тілдік мақсат:** | *Сөздік жұмыс: Наубайшы, егін, өсіру, бидай* | |
| **Өткен ҰІӘ-нен алған білім** | *Сұрақ-жауап* | |
| **ҰІӘ өтілу барысы** | | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
| **I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>*0-2 минут*<br>**II.Ұйымдастыру**<br>*3-5 минут* | *«Күннің нұры»*<br>*Шуақ шашқан күн рақмет саған,*<br>*Мейірімді достарым рақмет саған, рақмет саған*<br>**Миға шабуыл.**<br>**Дид ойын: «Кім тапқыр?»**<br>*Шарты: Жұмбақ жасыру:*<br>*Ұзын мұртты сарылар,*<br>*Қойнында дәні бар. (Бидай)*<br>*Бидайдан не жасалады?* | **Ресурстар: Тақырыпқа байланысты көрнекіліктер** |
| **ҰІӘ-нің ортасы**<br>**III. Тақырып бойынша жұмыс**<br>*12- минут* | **Ой қозғау.**<br>**Суретпен жұмыс**<br>*Адамдар қандай іс пен айналасып жатыр? трактор қандай жұмыс атқарып жатыр?*<br>*Жерді не үшін жыртып,тегістеді?*<br>*Егіндінеменорамызбалалар.*<br>*Кімдерорады.*<br>*Бала: Егіншіорады*<br>*Нан неден шығады?*<br>*Оған қандай еңбектер жасалады.*<br>**Ой дамыту**<br>*Ө. Турманжановтың «Қайдан келдің, бауырсақ?» өлеңімен таныстыру.*<br> | |

| | | |
|---|---|---|
| | *Өлеңде не туралы айтылды?*<br>*Бауырсақ қайда жатты?*<br>*Қуыршақ не деп сұрады?*<br>*Бауырсақ наубайға қайдан келді?*<br>*Диірменге ше?*<br>*Диқан бидайды қалай өсірді?*<br>*Балалардың жауабы. Нан түрлерімен таныстыру: (таба нан, бауырсақ, лапша, шелпек, жайма, тоқаш т.б)*<br>***Сергіту сәті:*** *Балалар бауырсақтың дастарқанға келу жолын қимыл арқылы көрсетеді.*<br>*Жерді жыртамыз, егінді себеміз,*<br>*Суарамыз, күтіп баптаймыз.*<br>*Бидай үлкен болып өседі,*<br>*Комбайнмен орамыз,*<br>*Машинамен қамбаға тасимыз,*<br>*Диірменде ұн етіп дайындайды.*<br>*Ұннан қамыр илеп, бауырсақ пісіреміз.*<br>***Дид ойын: «Сыззықпен қос»***<br>***Ойын шарты:*** *Суреттерден нанның дастарханға келу ретін сызықпен қосу.* | |
| ***IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия***<br>*3-минут* | ***Қорытынды:***<br>*Балаларды мадақтау, смайлктер беру.* | |

**Ұсыныс** Сөздік жұмыс қайталау.

**Әдіскер:** ______ **Нурберген Өскенгул**

**«Ботақан» орта топ тәрбиешілері:**
______ **Өнерхан Алмагүл**
______ **Шаймурат Харлығаш**

*Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы*

| | | |
|---|---|---|
| *Міндеті* | ***Кітаптан ертегілер, көркем шығармалар оқып беруде олардың мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға, кейіпкердің ісәрекетіне өз ойын білдіруге баулу. Сөздікқорларындағысөздерді белсенді қолдана білуге жаттықтыру, қарапайым сұраққойып,оларғажай сөйлеммenжауап беруге дағдыландыру.Қазақтіліндегісөздерменсөйлемдердітүсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.Қазақ тіліне тән дыбыстардыдұрысайту, ажырата білудағдысын дамыту.*** | |
| ***ҰІӘтақырыбы:*** | ***Шуақты көктем*** | |
| ***Күні:*** | ***Наурыз І-апта*** | |
| ***ТОП:*** | ***Ортаңғы*** | ***Қатысқан балалар саны:*** |
| ***ҰІӘ-нің мақсаты:*** | *Балалар көктем мезгілі туралы түсінік беру, көктем мезгілінде болатын табиғат құбылыстарын айтау.*<br>*Сөз, сөйлемде келетін дыбыстарды дұрыс айтуды қалыптастыру.* | |
| ***Күтілетін нәтиже:*** | *Көктем мезгілі туралы және табиғаттағы ерекшеліктер жайында сурет арқылы айта алады.*<br>*Педагогтың қойған сұрақтарына дара сөздер арқылы жауап береді.* | |
| ***Тілдік мақсат:*** | *Сөздік жұмыс: ериді, бүршік, құстар ұшып, көктейді* | |
| ***Өткен ҰІӘ-нен алған білім*** | *Сұрақ-жауап.* | |

***ҰІӘ өтілу барысы***

| *Жоспарланған уақыт* | *Жоспарланған іс-әрекет* | *Ресурстар* |
|---|---|---|
| ***І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату***<br>*0-2 минут*<br>***ІІ.Ұйымдастыру***<br>*3-5 минут* | ***Қызығушылықтарын ояту.***<br>***АКТ технологиясымен жұмыс. Аудио дыбыс.***<br>*Үнтаспадан құстардың сайраған дауысы, судың сылдырап аққан дауысы естіледі.*<br>*-Ненің дауысын естіп тұрсыңдар?*<br>*-Оны естігенде көз алдарыңа не елестейді.?* | ***Ресурстар: Тақырыпқа байланысты көрнекіліктер*** |
| ***ҰІӘ-нің ортасы***<br>***ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс***<br>*12- минут* | ***Ой қозғау. АКТ технологиясымен жұмыс.***<br>*Көктем мезгілінің ерекшеліктерін түсіндіру.*<br>***Сұрақ – жауап***<br>*-Көктем мезгілінде қандай табиғат құбылыстары болады?*<br>*-Көктем мезгілі сендерге ұнай ма?*<br>***Көктем өрнегі***<br>***Е.Өтетілеу ұлы.Өлең жолдарын оқып, түсіндіру.***<br><br>*Қар еріді,су ақты,*<br>*Күндер келді шуақты.*<br>*Байтақ дала келбеті*<br>*Түкті кілем сияқты.* | |

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**

| | | |
|---|---|---|
| **ҰІӘтақырыбы:** | **«Қуыршақ Айарудың камзолы»** | |
| **Күні:** | **Наурыз ІІ-апта** | |
| **ТОП:** | **Ортаңғы** | **Қатысқан балалар саны:** |
| **ҰІӘ-нің мақсаты:** | *Ұлттық киім ерекшеліктерімен таныстыру. Балаларды әңгімелеуге үйрету*<br>*Қуыршақ, бізге қонаққа келді»(ойыншықты суреттеу арқылы әңгіме құрау)..* | |
| **Күтілетін нәтиже:** | *Ұлттық өнер туралы түсінеді.*<br>*Сұрақтарға педегогтың көмегімен толық жауап береді.* | |
| **Тілдік мақсат:** | *Сөздік жұмыс: наурыз, мейрам, мереке, тойлау, көрісу.* | |
| **Өткен ҰІӘ-нен алған білім** | *Сұрақ –жауап.* | |
| | **ҰІӘ өтілу барысы** | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
| **І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>*0-2 минут*<br>**ІІ.Ұйымдастыру**<br>*3-5 минут* | **1.Шаттық шеңбері**<br>*Армысыз, қайырлы Күн!*<br>*Армысыз, Аспан ата!*<br>*Армысыз, мейірімді Жер-Ана!*<br>*Армысыз, шұғылалы Алтын күн!*<br>**2.Тосын сәт**<br>*Ұлттық көйлек киген қуыршақтың қонаққа келуі.*<br>*Қуыршақпен сәлемдесу*<br>**Сұрақ-жауап**<br>*-Балалар,бұл қуыршақтың есімін сендер білесіңдерме?*<br>*-Олай болса,қуыршақтың өзінен сұрап көрейікші.*<br>*-Балалар, қуыршақ есімін айтқысы келмесе,онда бәріміз бірге оның есімін қояйық.*<br>*-Сұлушаш* | **Ресурстар: Тақырыпқа байланысты көрнекіліктер** |
| **ҰІӘ-нің ортасы**<br>**ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс**<br>*12- минут* | **3. Ой қозғау.**<br>*-Сұлушаш сендерге ұнадыма? Несі ұнады?(шашы,көйлегі, сырғасы,бөркі,камзолы, үкісі).*<br>*-Сұлушашатың шашы қандай?(Қою қара шашты)*<br>*-Оның шашы ұзын,әдемі*<br>**Дид ойын: «Құыршақтың киімін ата»**<br>*Шарты: Қуыршақтың киімдеріне сипаттама беру.*<br>*-Ал Сұлушашымыздың көйлегі қандай? (Бүрмелі,қазақтың ұлттық көйлегі*<br> | |

*Сұлушаштың бөркіне тоқталу.*
*-Бөрік киімнің қай түріне жатады?*



*-Бөріктің төбесінде үлпілдеп тұрған несі?*
*-Бөріктің төбесіндегі үкісі неден жасалады?*
*Үкі-орман құсы.*
*Үкінің-жүні үлпілдек.*
*-Енді бәріміз үкінің дыбысын салайықшы.*
***Сергіту жаттығуы:***
*Сөйлемейсің сен неге,*
*Тілің жоқ па, қуыршақ?*
*Жуынбайсың сен неге,*
*Кірің жоқ па,қуыршақ?*
*Аяғың бар ма,сен неге?*
*Жүре алмайсың,қуыршақ?*
*Жұмсағанда сен неге,*
*Тіл алмайсың, қуыршақ?*
*Біз күлгенде күлмейсің, Аңқаусың ба,қуыршақ?*
*Бізбен бірге жүрмейсің,*
*Жалқаусың ба,қуыршақ? Бала үні.*
***(Р.Тышқанбаев)***
***4. Ой дамыту.***
*Балалар қуыршаққа біз сыйлық жасаймыз ба.*
*Оған әдемі камзол жасап берейік*
***Балаларды топқа бөлу.***
***Дид ойын: «Қуыршаққа сыйлық»***
***1-топ.*** *Камзолға ою жапсыру*
***2-топ.*** *Етікке ою жапсыру.*




*Сұрақ-жауап.*

| | | |
|---|---|---|
| | *Камзолды, етікті немен әсемдедік*<br>*Түстері қандай?*<br>***Қуыршаққа сыйға береміз бе?***<br>*Рақмет балалар, мен бұл камзолды, аналар мейрамына және наурыз мейрамына киетін боламын.*<br>*Рақмеет сендерге*<br>*Сау болыңдар балалалр* | |
| ***IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия***<br>*3-минут* | ***Қортынды***<br>***Сұрақ-жауап***<br>*Балаларды мадақтау.* | |

**Ұсыныс** Өлең жолдарын мәнерлеп оқу

**Әдіскер:** ________ **Нурберген Өскенгул**

**«Ботақан» орта топ тәрбиешілері:**

________ **Өнерхан Алмагүл**

________ **Шаймурат Харлығаш**

*Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы*

| | | |
|---|---|---|
| ***ҮІӘтақырыбы:*** | ***Әдемі киіз үй*** | |
| ***Күні:*** | ***Наурыз ІІІ-апта*** | |
| ***ТОП:*** | ***Ортаңғы*** | ***Қатысқан балалар саны:*** |
| ***ҰІӘ-нің міндеті:*** | *Қазақ халқының дәстүрлі киіз үймен және тұрмыстық заттармен таныстыру.* | |
| ***Күтілетін нәтиже:*** | *Ұлттық өнер туралы түсінеді. Киіз үй бөліктерінің аттарын атай алады.*<br>*Сұрақтарға педегогтың көмегімен толық жауап береді.* | |
| ***Тілдік мақсат:*** | *Сөздік жұмыс: Тартады, үні, өнер* | |
| ***Өткен ҰІӘ-нен алған білім*** | *Сұрақ -жауап* | |
| | ***ҰІӘ өтілу барысы*** | |
| ***Жоспарланған уақыт*** | ***Жоспарланған іс-әрекет*** | ***Ресурстар*** |
| ***І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату***<br>*0-2 минут*<br>***ІІ.Ұйымдастыру***<br>*3-5 минут* | ***Шаттық шеңбер***<br>*Арайлап таң атты,*<br>*Алтын сәулетаратты.*<br>*Тәрбиелібаламыз,*<br>*Амандасыпаламыз.*<br>***Ой шақыру.***<br>*–Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?(көктем)*<br>*-көктем мезгілінде табиғат қандай өзгерістерге ұшырайды?*<br>*Көктемде қандай мейрам болады?*<br>*Наурыз мерекесінде қандай мейрам болады?*<br>*Балалар олай болса киіз үйдің суретін*<br>*Тамашалайық.* | *АКТ ,слайд киіз , киіз үй құрлысы, желім қайшы,дайын киіз үй үлгісі* |
| ***ҰІӘ-нің ортасы***<br>***ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс***<br>*12- минут* | ***АКТ технологиясы.*** *Слайд.*<br>*Киіз үйдің суретін көрсетіп, таныстыру.*<br>***Ой дамыту.***<br>*Неліктен «Киіз үй» деп аталатынын түсіндіру. Киіз үйдің бөліктерімен таныстыру.*<br>***Сергіту сәті:***<br>*Дөңгеленіп тұрайық,*<br>*Керегені қарайық*<br>*Уық болып иіліп,*<br>*Шаңыраққа киіліп,*<br>*Киіз үйді құрайық.*<br>***Тосын сәт.*** | |

| | | |
|---|---|---|
| | *Айсұлу қонаққа келеді.*<br>*Айсұлу:Балалар көктем болса келіп қалды,Наурыз мейрамы жақындап қалды.*<br>*Маған киіз үй керек еді,киіз үй құрап беруге көмек сұрай келдім.*<br>*Балалар Айсұлуға көмектесеміз бе?*<br>***Үлгі көрсету,түсіндіру.***<br>*Балалар орындарына отырып киіз үйді құрастырып, ақ парақ бетіне жабыстырады.*<br>*Балалар өздерінің жапсырған суреттерін достарымен бағалайды.*<br>*Айсұлу балаларға көмектеріне көп рахмет айтып қоштасады.* | |
| ***IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия***<br>*3-минут* | *Қорытынды.*<br>*Балаларды мадақтау.* | |

**Ұсыныс** Диалог, монолог құрау сөздік жұмыс

**Әдіскер:** ______ **Нурберген Өскенгул**

**«Ботақан» орта топ тәрбиешілері:**
______ **Өнерхан Алмагүл**
______ **Шаймурат Харлығаш**

*Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы*

| | | |
|---|---|---|
| **ҰІӘтақырыбы:** | **«Қасқыр мен жеті лақ»** | |
| **Күні:** | **Наурыз IV-апта** | |
| **ТОП:** | **Ортаңғы** | **Қатысқан балалар саны:** |
| **ҰІӘ-нің мақсаты :** | Балаларды ертегі тыңдауға және әдеби кейіпкерлердің әрекеттері мен жүріс-тұрыстарына талдау жасауға үйрету. | |
| **Күтілетін нәтиже:** | Ертегілер туралы, ондағы кейіпкерлер туралы суретке қарап аттарын айта алады.<br>Ертегі желісін педагогтың көмегімен қайталап айтып береді. | |
| **Тілдік мақсат:** | **Сөздік жұмыс:**<br>**Төлі, маңырайды, лақ, жіңішке, аңдиды., қарақтарым, шырақтарым, пеш, ну орман.** | |
| **Өткен ҰІӘ-нен алған білім** | Сұрақ –жауап. | |
| | **ҰІӘ өтілу барысы** | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
| **I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>0-2 минут<br>**II.Ұйымдастыру**<br>3-5 минут | **Шаттық шеңбері.**<br>**Шаттық шеңбері:**<br>Арайлап таң атты,<br>Алтын сәуле таратты.<br>Сәлеметсің бе, жер ана,<br>Сәлеметсің бе, көк аспан.<br>Сәлеметсіздер ме, балалар. | Тақырыпқа байланысты көрнекіліктер |
| **ҰІӘ-нің ортасы**<br>**III. Тақырып бойынша жұмыс**<br>12- минут | **1.Ой қозғау.**<br>**Сұрақ -жауап**<br>Жеті лақ ертегісін түсіндіру.<br>-Ешкінің төлін не дейміз?<br>-Ол лақтарына не деп ескертті?<br>-Ешкі үйіне келгенде лақтары анасының келгенін қайдан біледі?<br>-Қасқыр үйге қалай кірді?<br>**2.Ой дамыту.**<br>**Ертегіні сахналау.**<br>-Балаларды рөлдерге бөлу.<br>- Бет перделер кигізу.<br>-Сөйлеу мәнерлерін қадағалау.<br>-Қимыл -қозғалыстарын дұрыс жасай білуді түсіндіру.<br>**3.Миға шабуыл**<br>**П/Ж ойын: «Атын ата»** ертегіде кездескен кейіпкерлердің аттарын атау. Жағымды, жағымсыз | |

| | | |
|---|---|---|
| | *кейіпкерлерді ажырата білу.*<br>*-Неге олай ойлайсың?* | |
| ***IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия***<br>*3-минут* | ***Қортынды***<br>*-Сендер үлкен адамдардың айтқанын қаншалықты орындайсыңдар?*<br>*-Не үшін ?*<br>*Балаларды мадақтау.* | |

**Ұсыныс** Ертегіні түйіндіру балаларға оқып беру

**Әдіскер:** ________ **Нурберген Өскенгул**

**«Ботақан» орта топ тәрбиешілері:**
________ **Өнерхан Алмагүл**
________ **Шаймурат Харлығаш**

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**

| | | |
|---|---|---|
| **Міндеті** | **Тыңдалған шығарма кейіпкерлерінің бейнесін сахналық қойылымдарда жеткізе білуге, еркін ойындарда кейіпкерлердің бейнесін басқа қырынан көрсете білуге мүмкіндік беру. Балалардың сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру,тілдерін жетілдіру. Көктемгі еңбек түрлерін қазақшаайта алу. Сөздер мен сөйлемдерді түсінуді жәнеқолдануды үйрету. Жыл құстарды танып дұрыс атау,жаңылтпаштарды айтуғаүйрету. Қимылын білдіретінсөздердің мағынасын түсіну және ауызекі тілдеқолдануды дағдыландыру. Затесімдердіжекешежәнекөпшетүрдеқолданудағдыларынқалыптастыру** | |
| **ҰІӘтақырыбы:** | **«Өсімдіктер әлемі»** | |
| **Күні:** | **Сәуір І-апта** | |
| **ТОП:** | **Ортаңғы** | **Қатысқан балалар саны:** |
| **ҰІӘ-нің мақсаты:** | *Көктем мезгіліндегі өсімдіктердің тіршілігі туралы, орманда, бақшада, далада өсетін өсімдіктер туралы білімдерін қалыптастыру.* | |
| **Күтілетін нәтиже:** | *Топқа бөліну арқылы гүл аттарын біледі.*<br>*Педагогтың көмегімен сұрақтарға өз ойын айта алады.* | |
| **Тілдік мақсат:** | *Сөздік жұмыс:өседі, құлпырып, сабағы, гүлдейді.* | |
| **Өткен ҰІӘ-нен алған білім** | *Сұрақ –жауап.* | |
| | **ҰІӘ өтілу барысы** | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
| **I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>*0-2 минут*<br>**II.Ұйымдастыру**<br>*3-5 минут* | **Амандасу:**<br>*Шеңбер болып тұрайық*<br>*Алақанды ашайық*<br>*Күннің нұрын шашайық*<br>*Таза ауаны жұтайық*<br>*Жүрекке жылу сыйлайық*<br>*Жиналған жылы шуақты*<br>*Бір-бірімізге шашайық*<br>**Қызығушылықтарын ояту**<br>**Жұмбақ жасыру**<br>*Қолы жоқ, аяғы жоқ- қозғалады, ауызы жоқ тыныс алады, қоректенеді,- бұл не болды?*<br>*Сұрақ- жауап жұмбақтың шешуіне байланысты.* | |
| **ҰІӘ-нің ортасы**<br>**III. Тақырып бойынша жұмыс**<br>*12- минут* | **Ой қозғау:**<br>*Балалар өсімдіктер қайда өседі?*<br>*Өсімдіктердің адам өміріндегі маңызы қандай?*<br>*Өсімдік өсу үшін не керек?*<br>*Өсімдіктер өсу үшін не істеуіміз керек?*<br>**Ой дамыту:** *Суретпен жұмыс* | *АКТ, өсімдіктердің, ағаштардың, көктем мезгілінің суреттері***Әдіс-тәсілі:** *әңгімелесу, көрсету, түсіндіру, сұрақ-* |

| | | |
|---|---|---|
| | ***Топтарға бөлінеміз:***<br>***1-Топ: Бөлме гүлі (*** *бөлме гүлдерін сүртіп, оларға күтім жасайды).*<br>***2-Топ: Дала гүлі.*** *(Гүлдерді отырғызады.)*<br>***3-Топ: Бақша гүлі .***<br>***Дид ойын:*** *«Не қайда өседі?»Әр өсімдікті өз үйіне орналастыр*<br>***Сергіту сәті:***<br>*Орнымыздан тұрайық, Гүлдерге су құяйық*<br>*Орнымыздан жылжиық,*<br>*Басқа гүлге құяйық*<br>***Миға шабул***<br>*Не? Өсімдік Қандай? әдемі, түрлі-түсті*<br>*Не істейді? Өседі, қоректенеді, көбейеді* | *жауап* |
| ***IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия***<br>*3-минут* | *Сұрақ-жауап. Бас бармақ әдісі бойынша қорытындылау.*<br>*Жақсылықты қолдаймыз,*<br>*Табиғатты қорғаймыз*<br>*Тал егеміз бақтарға*<br>*Айналасын қоршаймыз* | |

**Ұсыныс** Байланыстырып сөйлеу әдісін қолдану

**Әдіскер:** ________ **Нурберген Өскенгул**

**«Ботақан» орта топ тәрбиешілері:**
________ **Өнерхан Алмагүл**
________ **Кенжехан Сайрангүл**

## Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы

| | | |
|---|---|---|
| **ҰІӘтақырыбы:** | **«Ормандағы жәндіктер»** | |
| **Күні:** | **Сәуір ІІ-апта** | |
| **ТОП:** | **Ортаңғы** | **Қатысқан балалар саны:** |
| **ҰІӘ-нің міндеті:** | Жәндіктер (қоңыз, көбелек, шыбын,құмырсқа) туралы түсінік беру. Топқа бөліп жұмыс жасау. | |
| **Күтілетін нәтиже:** | Жәндіктер атауларын атай алады.<br>Әр жәндікті суреттен көрсете алады. | |
| **Тілдік мақсат:** | Сөздік жұмыс:жәндіктер, қонады, ұшады, аралап, бал жинау. | |
| **Өткен ҰІӘ-нен алған білім** | Сұрақ -жауап | |

### ҰІӘ өтілу барысы

| Жоспарланған уақыт | Жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
|---|---|---|
| **І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>0-2 минут<br>**ІІ.Ұйымдастыру**<br>3-5 минут | **Шаттық шеңбер**<br>Достар бірге жүреміз<br>Бірге ойнап күлеміз<br>Бірге балық аулаймыз<br>Міне біздер қандаймыз<br>**Ғажайып сәт:**<br>Балалар мен сендерді «Жәндіктер әлеміне» апарғым келеді.<br>(Слайдтағы экологиялық соқпақ сурет сілтемесіне назар аударамыз) | АКТ, жәндіктер суреттері<br>**Әдіс-тәсілі:**<br>әңгімелесу, көрсету, түсіндіру, сұрақ-жауап |
| **ҰІӘ-нің ортасы**<br>**ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс**<br>12- минут | **Ой қозғау:** Балалар мына суретте қандай жәндіктер бар?<br>Жәндіктердің бір ортақ белгісін тауып айтыңыздаршы?<br>Жәндіктер немен қоректенеді?<br>Көздерімізді жұмайық. (табиғатқа ұқсас әдемі әуен орындалады)<br>Міне орманға да келдік. Серігіп алайық бәріміз.<br>**Дидактикалық жаттығу: «Гүлдерді жина»**<br>(әуен қосылы тұрады. Балалар түстеріне қарай гүлдерді жинайды.)<br>Кенет дауыс естіліп, бұл кімдер шулап жүрген деді.<br>**Балалар:** Бұл біз балабақшада келдік<br>**Сиқырлы дауыс:** Неге шулап жүрсіңдер? Орманға тыныштық керек.<br>**Тәрбиеші**: Сиқырлы дауыс бізді бір жолға кешіріңізші.<br>**Сиқырлы дауыс**: Екі тапсырмам бар.Орындасаңдар үйлеріне жіберемін<br>**Жұмбақ жасыру:**<br>Тыру-тыру тырналар<br>Тауға қарай жорғалар (аралар)<br>Қызыл көйлек кигені | |

| | | |
|---|---|---|
| | *Ұсақ қызыл түймелі*<br>*(қанқызы)*<br>*Гүл ұшып , гүлге қонады*<br>*Гүл бақшам гүлге қонады.*<br>*(көбелек)*<br>*Екі басы жұдырықтай,*<br>*Белі қылдырықтай*<br>*(Құмырсқа)*<br>***Сергіту сәті:***<br>*Қане қанат жасайық*<br>*Көбелекке ұқайық*<br>*Көбелек боп ұшайық.*<br>*Ұшып-ұшып алайық*<br>*Гүлдерге ақырын қонайық*<br>***Дидактикалық ойын:***<br>***«Не өзгерді?»***<br>***Міндеті:*** *Балалардың таным қабілеттерін арттыру.*<br>*Ормандағы сиқырлы дауыс иесімен қоштасу. Балалар тапсырмаларды орындап, балабақшаға келеді.* | |
| ***IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия***<br>*3-минут* | ***Сұрақ-жауап:***<br>*Балалар біз қайда барып келдік?*<br>*Онда біз не істедік?*<br>*Жұмбақтардың жауаптарын айтып беріңдерші?*<br>*Жұмбақтарды кім жасырды?*<br>*Ормаға барғанда не істеуге болмайды?*<br>*Қорытындылау. Балаларды бағалау.* | |

**Ұсыныс** Сөздік түрлерін қолдану

**Әдіскер:** ________ **Нурберген Өскенгул**

**«Ботақан» орта топ тәрбиешілері:**
________ **Өнерхан Алмагүл**
________ **Кенжехан Сайрангүл**

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**

| | | |
|---|---|---|
| **ҰІӘтақырыбы:** | **«Жуа отырғызу»** | |
| **Күні:** | **Сәуір ІІІ-апта** | |
| **ТОП:** | **Ортаңғы** | **Қатысқан балалар саны:** |
| **ҰІӘ-нің міндеті:** | *табиғат бұрышындағы өсімдіктерге қамқорлық жасауға, еңбек етуге тәрбиелеу* | |
| **Күтілетін нәтиже:** | *Еңбек туралы түсінеді. Еңбектену арқылы жеңіске жетуге болады деген ұғым қалыптасады.* | |
| **Тілдік мақсат:** | *Сөздік жұмыс: еңбек, шыңдайды* | |
| **Өткен ҰІӘ-нен алған білім** | *Сұрақ-жауап.* | |
| | **ҰІӘ өтілу барысы** | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
| ***І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату***<br>*0-2 минут*<br>***ІІ.Ұйымдастыру***<br>*3-5 минут* | ***Шаттық шеңбері:***<br>*Нұрланып күн тұрса,*<br>*Күллі әлем жайнайды*<br>*Жер беті құлпырса,*<br>*Бұлбұлдар сайрайды*<br>***Сұрақ-жауап.***<br>*Қазір жылдың қай мезгілі?*<br>*Көктем мезгілінде ауа-райы қандай болады?* | |
| ***ҰІӘ-нің ортасы***<br>***ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс***<br>*12- минут* | ***Жұмбақ сыры:***<br>*Ол өзі бірнеше қабат –қабат киінген*<br>*Немесе*<br>*Ұрмай-соқпай жылатады*<br>*Бұл не деп ойлайсыңдар?*<br>***Слайд арқылы. Жуамен таныстыру***<br>***Саяхатқа шығу***<br>*Балабақша ауласына саяхат. (Жуа отырғызу)*<br>***Топтарға бөлінеміз***<br>*1- топ: Жуа отырғызушылар*<br>*2-топ: Су құюшылар*<br>*3- Топ: Қопсытушылар*<br>***Сергіту сәті.***<br>*Атамның алып күрегін*<br>*Бақшаны қопарып беремін*<br>*Әжеме мен құдықтан*<br>*Су әкеліп беремін* | *өсімдіктің суреттері, слайд*<br>***Әдіс-тәсілдері:***<br>*әңгімелеу, түсіндіру, көрсету, ойын, сұрақ-жауап* |

| | | |
|---|---|---|
| | *Бау-бақшаны күтемін*<br>*Арам шөпті жұламын*<br>***«Біз еңбекқор баламыз»***<br>***Міндеті:*** *Үлкендердің еңбегін бағалау*<br>*Балалар сендер өте еңбекқор бала екенсіңдер! Рахмет сендерге!* | |
| ***IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия***<br>*3-минут* | *ҰІӘ аяқтау. Балаларды мадақтау.* | |

**Ұсыныс** Сұрақ – жауап қолдану, байланыстырып сөйлеуін қолдану

**Әдіскер:** ________ **Нурберген Өскенгул**

**«Ботақан» орта топ тәрбиешілері:**
________ **Өнерхан Алмагүл**
________ **Кенжехан Сайрангүл**

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**
Іс-әрекет **түрі: Қазақ тілі**

| | | |
|---|---|---|
| **ҰІӘтақырыбы:** | **Еңбек туралы мақал-мәтелдер** | |
| **Күні:** | **Сәуір IV-апта** | |
| **ТОП:** | **Ортаңғы** | **Қатысқан балалар саны:** |
| **ҰІӘ-нің міндеті:** | Тілдің қарқынын өзгерту біліктерін бекіту.Артикуляциялық аппаратты одан әрі жетілдіру | |
| **Күтілетін нәтиже:** | Еңбек туралы түсінеді. Еңбектену арқылы жеңіске жетуге болады деген ұғым қалыптасады. | |
| **Сөздік жұмыс:** | еңбек, шыңдайды | |
| **Өткен ҰІӘ-нен алған білім** | Сұрақ-жауап. | |
| | **ҰІӘ өтілу барысы** | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
| **I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>0-2 минут<br>**II.Ұйымдастыру**<br>5 минут | Шаттық шеңбері:<br>Сәнденіп даламыз,<br>Сәулетті қаламыз,<br>Сәулеңмен құлпырды,<br>Сәлем, Күн –Анамыз<br>Көңіл –күй туралы сұрақ-жауап. | Тақырыпқа байланысты көрнекіліктер |
| **ҰІӘ-нің ортасы**<br>**III. Тақырып бойынша жұмыс**<br>17 минут | **Ой дамыту. Слайд арқылы әңгімелеу.**<br>Еңбек дегеніміз-адамның өмір сүруі үшін қажеті іс-әрекеттер.<br>Еңбек түрлері көп: жазғы еңбек, күзгі еңбек, қысқы еңбек, көктемгі еңбек болып бөлінеді.<br>**Сұрақтар ілмегі**<br>Еңбек түрлерін білесіңдер ме?<br>Еңбек ету адамға қажет деп ойлайсыңдар ма?<br>**Сергіту сәті:**<br>Қырға шықсаң өрлеп,<br>Мұның аты-Еңбек<br>Кесте тіксең зерлеп<br>Мұның аты-Еңбек<br>Сабағыңа жөндеп,<br>Әзірленсең –Еңбек<br>Гүл отырғызсаң терлеп,<br>Мұның аты-Еңбек<br>Қиындықтың бәрін,<br>Еңбек қана жеңбек<br>Дид ойын: «Еңбек құралдары»<br>Міндеті: Еңбек құралдарын құрастыру. Сипаттама беру,не үшін керек, неге қолданады?<br>**Мақал-мәтелдер:** | |

| | | |
|---|---|---|
| | ***-Еңбектің наны тәтті***<br>*Жалқаудың жаны тәтті*<br>***-Еңбек етсең-ерінбей***<br>*Тояды қарның тіленбей*<br>***-Еңбек ер атандырады.***<br>***Дидактикалық ойын: «Кім не істейді?»***<br>***Міндеті:*** *балалардың ойлау, сөйлеу қабілеттерін арттыру.Еңбекті бағалауға үйрету.*<br>*Шарты: Өздері таңдап алған суреттегі мамандық иесінің не істейтінін айту.* | |
| ***IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия***<br>*3-минут* | *Сұрақ-жауап*<br>*Балалар біз не жайлы білдік?*<br>*Еңбек түрлерін атап беріңдер?*<br>*Еңбектенген адам мұратына жетеді.*<br>*ҰІӘ қорытындылау.*<br>*Балаларды мақтап, мадақтау.* | |

**Ұсыныс** Артикуляциялық жаттығу қолдану

**Әдіскер:** ______ **Нурберген Өскенгүл**

**«Ботақан» орта топ тәрбиешілері:**

______ **Өнерхан Алмагүл**

______ **Кенжехан Сайрангүл**

*Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы*

| | | |
|---|---|---|
| **Міндеті** | **Қазақ тіліндегі сөздер менсөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолданабілугеүйрету.**<br>**Сөздік қорларын жаңасөздерментолықтыру,өткенді ескетусіру.Сөздерді сөйлемдерге байланыстырып құрауды дағдыландыру.Педагогтің үлгісі бойынша шағынмәтіндерқұрастыруды дағдыландыру.**<br>**Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.** | |
| **ҰІӘ тақырыбы:** | **Менің достарым.** | |
| **Күні:** | **Мамыр І-апта** | |
| **ТОП:** | **Ортаңғы** | **Қатысқан балалар саны:** |
| **ҰІӘ-нің мақсаты:** | *Балаларды бір-бірімен тату болуға, мейірімді болуға үйрету. Дамытушы ойындар арқылы әртүрлі тапсырмаларды орындай отырып,сөздік қорларын молайту, ой-өрісін дамыту.* | |
| **Күтілетін нәтиже:** | *Достық, қарым-қатынас туралы түсініктерді меңгереді.*<br>*Суретке өз ойын жеке сөздер арқылы жеткізе алады.* | |
| **Тілдік мақсат:** | *Сөздік жұмыс: достасу, достық, бөлісу.* | |
| **Өткен ҰІӘ-нен алған білім** | *Сұрақ -жауап* | |
| | **ҰІӘ өтілу барысы** | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
| **І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>*0-2 минут*<br>**ІІ.Ұйымдастыру**<br>*3-5 минут* | **І. Көңілді шеңбер. «Балдырған баламыз» Е.Өтетілеуов**<br>*Балдырған баламыз,*<br>*Досты көп табамыз*<br>*Қашан да, қайда да*<br>*Сенімді баламыз* | *Тақырыпқа байланысты көрнекіліктер* |
| **ҰІӘ-нің ортасы**<br>**ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс**<br>*12- минут* | **І.І. Ой дамыту.**<br>*«Достық неден басталады, достыққа не жараасады?»*<br>*Достар қандай болу керек?*<br>*Мейірімді, ақылды, қамқор, бірлікте.*<br>*Ендеше соны іспен көрсетейік*<br>**І.2. Қызығушылықты ояту.**<br>**Балаларды топқа бөлу, дамытушы ойындар.**<br>**Достық үйін құрастыру.**<br>**1-топ Мейірімділік үйі.**<br>**М.Монтессори технологиясы бойынша үй құрастыру.**<br>*Сипаттама беру. Әр бала айту.*<br>*Біздің үйіміз мейірімділік үйі деп аталады.*<br>*Біз бір-бірімізге мейірімдіміз.*<br>*Біз достарымызды қиындыққа тастамаймыз* | |

| | | |
|---|---|---|
| | *Мейірімділік үйі көңілді болады.*<br>*Дос деп ең жақын адамды айтамыз.*<br>***2 –топ. Ақылдылар үйі.***<br>***Дьенеш блоктары арқылы үй құрастыру.***<br>*Біз ақылды балалармыз*<br>*Бір –бірімізді ренжітпейміз*<br>*Бәрін ақылмен жасаймыз*<br>*Осы үйді де ақылмен, ойласып жасадық*<br>***3 – топ. Қамқоршылар үйі***<br>***Таяқшамен үй жасау. Сипаттама.***<br>*Біз қамқор балалармыз.*<br>*Достарымызға көмектесуге дайынбыз*<br>*Достарымызбен барлығын бөлісеміз*<br>*Достарымызға жақсылық жасаймыз*<br>***Сылдырмақ үні. Шеңберге шақыру***<br>*Балалар достық әлемінде қандай* | |
| ***IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия***<br>*3-минут* | ***Бекіту кезеңі:*** *М. Жаманбалинов*<br>*Дос болып біз жүрейік,*<br>*Ойнайық та күлейік.*<br>*Достықдегентамаша*<br>*Міне,тұрмызжараса.*<br>***Балаларды мадақтау.*** | |

**Ұсыныс** Досбасторды дұрыс айтуға үйрету

**Әдіскер:** ________ **Нурберген Өскенгул**

**«Ботақан» орта топ тәрбиешілері:**

________ **Өнерхан Алмагүл**

________ **Кенжехан Сайрангүл**

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**

| | | |
|---|---|---|
| **ҰІӘтақырыбы:** | **Біз Отанды қорғаймыз** | |
| **Күні:** | **Мамыр III-апта** | |
| **ТОП:** | **Ортаңғы** | **Қатысқан балалар саны:** |
| **ҰІӘ-нің мақсаты:** | *Отан қорғаушылар туралы түсінік беру, сөйлеу мәнерін сақтауға, сөздерді жіктелуіне қарай байланыстыруға үйрету, тақырыпқа сәйкес қысқа өлең жаттату.* | |
| **Күтілетін нәтиже:** | *Отан туралы оны қорғау жайында түсініктерді меңгереді.*<br>*Педагогтың кһмегімен өз ойын айта алады.* | |
| **Тілдік мақсат:** | *Сөздік жұмыс: отан, туған жер, қорғаушы, батыр* | |
| **Өткен ҰІӘ-нен алған білім** | *Сқрақ- жауап* | |

**ҰІӘ өтілу барысы**

| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| **I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>*0-2 минут*<br>**II.Ұйымдастыру**<br>*3-5 минут* | **Шаттық шеңбер**<br>*Арайлап таң атты,*<br>*Алтын сәулетаратты,*<br>*Жарқырайдыдаламыз,*<br>*Жарқырайдыкүніміз,*<br>*Қайырлытаңдостар!*<br>*Ауарайыжылы, күнашық.*<br>**II.Қызығушылықты ояту. Өлең оқу.**<br>*Отан-асыланамыз,*<br>*Ана сүтінақтаймыз,*<br>*Есейгенде ер болып,*<br>*Елдіжаудансақтаймыз.*<br>*Балаларбұлөлеңжолдарында не жайындаайтылған?*<br>*Балаларбізесейгенде, ер балаларымыз сияқтыәскерге барамыз*<br>*Олар Отандық борышын өтеуге барады, олар отанымызды қорғайды.бізде солар сияқты боламыз.* | *Тақырыпқа байланысты көрнекіліктер* |
| **ҰІӘ-нің ортасы**<br>**III. Тақырып бойынша жұмыс**<br>*12- минут* | **Ой қозғау**<br>*Отан деген не?*<br>*Сенің Отаның қалай аталады?*<br>*Отанды қорғау деген не?*<br>**Қимылды ойын**<br>**"Біз сарбазбыз"**<br>*Шарты:Балар үш шеңберге жасап тұрады.Әр шенбер өз тапсырмасын алады.*<br>**Бірінші шеңбер: "Ұшқыштар"**<br>**Екінші шеңбер: «Атты жауыңгерлер»**<br>**Үшінші шеңбер: "Жаяу әскерлер"**<br>*Ұшқыштар қолдарын екі жаққа жайып өз шеңберін де* | |

| | | |
|---|---|---|
| | *"Ұшқыштар ұшады" .Басқалары қарап тұрады.*<br>*Музыка ойнағанда "Жаяу әскерлер" адымдайды,*<br>*келесі музыкада "Атты жауынгерлер" шабады,олар ат шабысын салады.*<br>***Сұрақтар ілмегі***<br>*Отан қорғау үшін қандай болуымыз керек?*<br>***Ой дамыту***<br>***Батырлық туралы мақал-мәтелдер***<br>*-Батыр мың қол бастайды*<br>*Шешен тар жерден сөз бастайды*<br>*-Батыр туса ел ырысы*<br>*-Жаңбыр жауса жер ырысы*<br>*Есейгенде ер болып*<br>*Елді жаудан сақтаймын*<br>*Мағынасын түсіндіру.* | |
| ***IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия***<br>*3-минут* | *Қортынды.*<br>***Жүректен-жүрекке шеңбері:***<br>*Отан бізді баласындай*<br>*Асырап бізді қорғайды*<br>*Біз Отанды сүйеміз,*<br>*Дос боп мәңгіжүреміз!* | |

**Ұсыныс** Күнделікті ойындар қолдану.

**Әдіскер:** ______ **Нурберген Өскенгул**

**«Ботақан» орта топ тәрбиешілері:**
______ **Өнерхан Алмагүл**
______ **Кенжехан Сайрангүл**

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**

| | | |
|---|---|---|
| **ҰІӘтақырыбы:** | **Ж.Молдағалиев, «Жаз», жаттау** | |
| **Күні:** | **Мамыр IV-апта** | |
| **ТОП:** | **Ортаңғы** | **Қатысқан балалар саны:** |
| **ҰІӘ-нің міндеті:** | Жыл мезгілдері туралы түсініктерін кеңейту. Сөз қорын дамыту.<br>Жаз, ауыл, жайлау туралы түсіндіру. | |
| **Күтілетін нәтиже:** | Жаз мезгілі туралы түсінеді. Сурет арқылы айта алады. | |
| **Тілдік мақсат:** | Сөздік жұмыс: жаз, жайдарлы, көңілді | |
| **Өткен ҰІӘ-нен алған білім** | Сұрақ-жауап. | |
| | **ҰІӘ өтілу барысы** | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
| **І. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>0-2 минут<br>**ІІ.Ұйымдастыру**<br>3-5 минут | **Шаттық шеңбері. «Кел,балалар күлейік» Ө.Тұрманжанов.**<br>Кел,балалар күлейік!<br>Күлкіменен түлейік!<br>Қабақ түйген не керек.<br>Көңілді болып жүрейік!<br>**ІІ.Қызығушылықты ояту.**<br>**Бұл қай кезде болады?**<br>**Жұмбақ жасыру**<br>-Қойны толы жеміске,<br>Көкмайсалыеңіске.<br>Көбелекқуыпойнайтын,<br>Қаймезгілдепойлайсың**? (жаз)**<br>-Сұрақ –жауап.<br>- -Жазмезгілінде неше ай бар? Атау.?<br>-Қандай ерекшеліктер болады?<br>-Ауыл деген не? | Тақырыпқа байланысты көрнекіліктер |
| **ҰІӘ-нің ортасы**<br>**ІІІ. Тақырып бойынша жұмыс**<br>12- минут | **1. Ой қозғау.**<br>Суретпен жұмыс.<br>-Суретке сөйлем құрау.<br>**1.2. Ой дамыту.**<br>**Қ. Әбдилдина. «Ауылда»**<br>**Ауылда.**<br>«Ауыл деген не?» десем<br>Ата - әжем екен ғой, | |

| | | |
|---|---|---|
| | *Ата- әжем тұрған соң,*<br>*Аты – атамекен ғой*<br>*Мейірім де ауыл да,*<br>*Пейілің де ауылда.*<br>*Жанға дауа ауасы,*<br>*Сейілің де ауылда.*<br>***Өлең жолдарын оқып түсіндіру.***<br>***Сұрақ – жауап.***<br><br>***3. Жаң ҰІӘ бекіту. «Жаз»***<br>*-Өлең жолдарының мағынасын түсіндіру, жаттау.* | |
| ***IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия***<br>*3-минут* | ***Қортынды***<br>*Мнемотехника тәсілімен*<br>*Жаз мезгіліне сипаттама беру.*<br>*Балаларды мадақтау* | |

**Ұсыныс** Өлең жолдарын жаттау.

**Әдіскер:** ________ **Нурберген Өскенгул**

**«Ботақан» орта топ тәрбиешілері:**
________ **Өнерхан Алмагүл**
________ **Кенжехан Сайрангүл**

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**

| | | |
|---|---|---|
| **ҰІӘтақырыбы:** | **Мен табиғатты бақылай аламын** | |
| **Күні:** | **Мамыр V-апта** | |
| **ТОП:** | **Ортаңғы** | **Қатысқан балалар саны:** |
| **ҰІӘ-нің мақсаты:** | *Табиғат дыбысын, яғни судың сылдырын, желдің , жаңбырдың дыбы-сын және жануарлардың дауыстарын есті білуді үйрету.Табиғат құбылы-сының болу себептері туралы түсінгендерін қалыптастыру.Табиғатқа қамқор болуға баулу.* | |
| **Күтілетін нәтиже:** | *Өз ойларын педагогтың көмегімен айта алады.*<br>*Сұрақтарға жауап береді.* | |
| **Тілдік мақсат:** | *Сөздік жұмыс: денсаулық, тазалық* | |
| **Өткен ҰІӘ-нен алған білім** | *Сұрақ -жауап* | |
| | **ҰІӘ өтілу барысы** | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
| **I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату**<br>*0-2 минут*<br>**II.Ұйымдастыру**<br>*3-5 минут* | **1.Шаттық шеңбер:**<br>*Армысың, шапағатты,*<br>*Күн ана*<br>*Армысың қайырымды,*<br>*Аспан ана*<br>*Армысың мейірімді, Жер ана*<br>*Армысың менің достарым.*<br>**II.Қызығушылықтарын ояту.** *Айгүл келеді.*<br>*Табиғат құбылыстары туралы білгісі келетінін айтады.* | |
| **ҰІӘ-нің ортасы**<br>**III. Тақырып бойынша жұмыс**<br>*12- минут* | **III.Ой қозғау.**<br>*Балалардан адамдардың табиғатты бақылауы не үшін қажет екендігі туралы ойланып жауап берулерін өтіну.*<br>*Күн неге жарқырайды?*<br>*Кемпірқосақ қай мезгілде пайда болады?*<br>*Өсімдіктің тіршілігі үшін не қажет?*<br>**Ой дамыту**<br>*Табиғат туралы түсінік беру.(жер,су,ауа,өсімдіктер,құстар,жануарлар т.б.)*<br>*-Тірі және өлі табиғат туралы түсіндіру.*<br>**АКТ** *технологиясы*<br>*Табиғат құбылыстары туралы Видео ролик көрсету.*<br>**Сурет бойынша әңгіме** *құрастыру.Слайд. Көрсету.* | **АКТ, қуыршақ** |

| | | |
|---|---|---|
| |  *Көрген суреттеріне әңгіме құрау. Мыс: Мен торғайларға ұя жасаймын. Саша да ұя жасайды. Біз ұяны жоғары ілеміз. Біз құстарға жем шашамыз, су береміз. Құстар жанды табиғатқа жатады. Біз табиғатты қорғаймыз.*<br>***Сергіту сәті:***<br>*Тербеледі ағаштар,*<br>*Алдымнан жел еседі.*<br>*Кіп-кішкентай ағаштар,*<br>*Үп-үлкен болып өседі.*<br>***Дид ойын: «Шатастырма»***<br>*1. Көктемде қар жауады.*<br>*2. Қазір жаз мезгілі?*<br>*3. Көктемде қар ериді?*<br>*4Қыста жапырақтар сарғаяды?*<br>*5. Жыл мезгілдері: қыс, көктем,жаз,күз.*<br>*6.Жаз ең суық жыл мезгілі?*<br>*7.Қыста құстар жылы жаққа ұшып кетеді?*<br>*8.Жазда балалар оқиды?*<br>*Балаларды мадақтау* | |
| ***IV. ҰІӘ-нің қорытындысы. Рефлексия***<br>*3-минут* | ***Қорытынды.***<br>*Айгүл балаларға рахмет айтып қоштасады.*<br>*Балаларды мадақтау.* | |

**Ұсыныс**__Сөздік жұмысы жүргізу.__

**Әдіскер:** __[signature]__ **Нурберген Өскенгул**

**«Ботақан» орта топ тәрбиешілері:**
__[signature]__ **Өнерхан Алмагүл**
__[signature]__ **Кенжехан Сайрангүл**